Қабылданған іс-шаралар ауыл шаруашылығының жағдайын біршама жақсартты. МТС техникасы неғұрлым тиімді пайдаланыла бастады. Егін, мал өнімдері бойынша белгіленген жоспарды асыра орындау үшін қосымша төлемдер енгізілді. Мал басының саны артты. Бесжылдық ішінде суарылатын жерлер ауданы 16%-ға артты. Ауыл шаруашылығын басқарудың әміршіл-әкімшілік жүйесі. Дегенмен республиканың ауыл шаруашылығы бүкіл КСРО - ның ауыл шаруашылығы сияқты азық-түліктегі, өнеркәсіптегі, шикі заттағы халық сұранысын қанағаттандыра алмады. Бұған колхоздарды, жалпы ауыл шаруашылығын басқарудың әміршіл-әкімшіл жүйесі себеп болды. Жоғарыдан жоспарлау, бюрократиялық аппараттың күш көрсетуі өндірушіні өндіріс құралдарынан да, еңбек нәтижелерінен де шеттетті. Колхозшылардың еңбегіне ақы өніммен төленді (азық-түлік, киім-кешек). Колхозшыларда төлқұжат болмады, олардың есебі селолық кеңестер жасаған тізімдер арқылы ғана жүргізілді. Бұл олардың мекенжайын еркін өзгертуіне мүмкіндік бермеді, олар заңды түрде колхозға байланды, басыбайлы шаруалар сипатында болды. Ауыл еңбекшілерінің жағдайына тура немесе жанама түрде әсер еткен барлық қиыншылықтарға, бұра тарту мен жаңсақ есептерге қарамастан олар елді қолдарынан келгенше азық-түлікпен қамтамасыз ете берді. Еңбек ерлігі мен батырлығының үлгілері де аз емес еді. Соғыстан кейінгі жылдары өнеркәсіп және ауыл шаруашылығында дамудың біржақтылығын жоюдың қажеттілігі анық сезілді.

Аграрлық секторды дамытуды ынталандыру үшін мемлекет шаруашылықтардың бұрынғы қарыздарын жойып, салық көлемі елеулі түрде азайды. Ет, сүт, жүн, картоп, көкөністің сатып алу бағасы көтерілді. Дегенмен ауыл шаруашылық өндірісі жүйесін жақсартуға бағытталған реформалар қалыптасқан шаруашылық жүргізу құрылымының негіздеріне әсер етпеді, өміршіл-әкімшіл жүйе әлі де үстемдік етуін жалғастыра берді. Мәскеу басшылығы Қазақстанда астықтың және басқа ауыл шаруашылық өнімі өндірісін шұғыл арттыра алатын мүмкіндіктер бар деп есептеді. Сондықтан да өкімет билігінің жоғарғы деңгейінде дәнді дақылдар егетін алқаптардың аумағын кеңейту үшін тың және тыңайған жерлерді игеру идеясы пайда болды.

Міндеттерді табысты жүзеге асыру үшін Н.С.Хрущев республикалық басшылықты «нығайту» керек деп шешті 1954 жылы, ақпанда Қазақстан Компартиясының ОК- нің бірінші хатшылығына Қазақстанда ешкімге белгісіз П.К.Пономаренко сайланды. Ж.Шаяхметовті қызметінен алу мәселесін Кремльде шағын топ қана шешті. Шын мәнінде Н.Хрущев бұл кезеңде өзінің кадрларын түрлі орындарға қоя бастаған болатын, ал Ж.Шаяхметов болса тың жерлерді тез арада меңгеру идеясын қолдамады. Тың игеру. Одақ ведомстволары қабылдаған «Елімізде астық өндіруді одан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулы бойынша Қазақстанның

солтүстік аудандарында, Сібірде, Оралда және Солтүстік Кавказда дәнді дақылдар егуді шұғыл арада арттыру туралы шешім шығарылды. Жаңа жерлерді игеру есебінен 1954-1955 жылдарда 13 млн гектар жер жыртылып, 1955 жылы одан 1100-1200 млн пұт астық алу жоспарланды. КСРО-да тың көтеруге байланысты белгіленген тапсырма 1954 жылғы тамыздың басына қарай орындалды: 13,4 млн гектар жер немесе жоспар бойынша 103,2%, оның ішінде Қазақстанда 6,5 млн гектардан аса тың жер жыртылды. Тамызда «Астық өндіруді молайту үшін тың және тыңайған жерлерді одан әрі қарай игеру туралы» жаңа қаулы қабылданды. Онда 1956 жылы тың жерлердегі дәнді дақылдар егуге арналған аудан көлемін 28-30 млн гектарға дейін жеткізу міндеті қойылды. Ғалымдардың тың жерлерді осыншама кең көлемде игеру өзін-өзі ақтамайтындығы туралы пікірлерін ешкім есепке алмады. 1955 жылы тың жерлерде жоспарланған 7,5 млн гектардың орнына 9,4 млн гектар жер жыртылды.

Тың жерлерді игерудің басым көпшілігі негізінен Қазақстанның солтүстігіндегі алты облыста - Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Торғай және Павлодар облыстарында жүзеге асырылды. Республика еңбекшілерінің алдында 6,3 млн гектар тың және тыңайған жерді игеру арқылы дәнді дақылдар өнімін арттыру міндеті тұрды. Партия комитеттерінің қысымымен жалпы жиындарда жоғарылатылған міндеттемелер қабылданды, олар әрдайым орындала бермеді және жүзеге аспады. Нәтижесінде тек 1954 жылдың өзінде қосымша 636 мың гектар тың және тыңайған жерлер жыртылды. Тек сол жылы ғана колхоздар және МТС-тар 4847 мың, ал совхоздар 3 684 мың гектар жаңа жерлерді игерді. Осылайша, тың және тыңайған жерлерді көтеру туралы екі жылға есептелген мемлекеттік жоспар елеулі қарқынмен бір жыл ішінде жүзеге асты. Республикада жаппай жолдар салынып, жаңа елді мекендер тұрғызылды.

Қазақстан аумағына тың игерушілерді қоныстандыру. Тың жерлерді игеру үшін мыңдаған ауыл шаруашылық өндірісінің мамандары, ұйымдастырушылары аттандырылды. Тың игеру кезінде бұрын-сонды болмаған көлемде жаппай қоныстандыру ісі жүзеге асырылды. Қоныстандыру ісін ұйымдастыру 1938 жылы құрылған Бас қоныстандыру басқармасына жүктелді. 1954 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Жер халық комиссариатының құрамында миграциялық үрдістерді реттеу енгізілді. 1954 жылдан 1963 жылға дейін Қазақстанға Одақтың әр түрлі республикаларынан - Украина, РКФСР, Белоруссия, Молдавия және Литвадан мыңдаған отбасылар қоныстандырылды. Қазақстандық тың игеруге Болгария азаматтары және Қытай Халық Республикасының қазақ репатрианттары да қатысты. 1954 жылдың бірінші жартысында тек Ақмола облысына ғана 20 мыңнан астам адам тың көтеруге келді.

Бұған қоса, өнеркәсіп орындарының ұжымдары ауыл шаруашылығына, тың және тыңайған жерлерді игеруге 1 386 маман мен механизаторлар жіберді.

Еңбекшілерге, келіп жатқан тың игерушілерге елеулі жеңілдіктер көрсету, сондай-ақ өндірістік жоспарды орындаған совхоз жұмысшыларына және олардың еңбек сіңірген жылдары үшін елеулі сыйақылар беру арқылы тың игеруге қолдау көрсетілді. Тың игерушілер қоныстану орнына жеке мүлкімен тегін көшіп келді, отағасына бір жолғы берілетін ақшалай жәрдем келемі 500-1000, ал отбасының әр мүшесіне берілетін жәрдем келемі 150-200 сом болды, үй салуға 10 жылға 10 мың сом несие берілді (оның 35%-ын мемлекет өз мойнына алды), мал алуға 1500-2000 сом көлемінде несие берілді, 1,5 центнер астық немесе үн түріндегі азық-түлік қарызы беріліп, тың игерушілер ауыл шаруашылығы салығынан 2-5 жылға босатылды. 1954-1959 жылдары Қазақстанның тың жерлерін игеруге 20 млрд-тай сом қаражат жұмсалды.

Қазақстан аумағына жұмыс күші, көлік құралдары, құрал-саймандар жұмылдырылды. Осының бәрін үйлестіру, адамдарды орналастырып, оларды азық-түлікпен және тұрғын үймен қамтамасыз ету, мәдени-көпшілік мекемелерінің жүйесін жолға қою қажет болды. Тың жерлерді игеруге байланысты кеңес кезіндегі еңбектер мен басылымдарда көптеген қателесушілік, бұрмалаушылық және бұра тартушылық айтылмады. Тың игеру тек мамандар мен шынайы энтузиастарды ғана емес, көп ақша табуды ойлаған кездейсоқ адамдарды да өзіне тартты. Мысалы, зерттеушілердің пікірі бойынша, алғашқы 2 жылда Солтүстік Қазақстанға келген 650 мың адамның тек 130 мыңы ғана тың игеру үшін қажет болды. Тың игерілген облыстардың бірқатарында осының салдарынан құқық тәртібі бұзылып, мемлекет қаржысын талан-таражға салу, ұрлау орын алды. Тың игерудің жағымсыз салдарлары. Тың және тыңайған жерлерді жаппай игеру кезінде дамудың интенсивті жолына түсу туралы жиі айтылды, тыңдағы колхоздар мен совхоздардың материалдық-техникалық базасын күшейтуге байланысты қыруар жұмыстар атқарылғанымен, ауыл шаруашылығы өзінің экстенсивті мәнін жоя алған жоқ.

Тыңда ұйымдасқан совхоздарға бөлінген тракторлар мен басқа да машиналар ауыл шаруашылығын интенсификациялау жолындағы ірі қадам ретінде кең дәріптелгенмен, сол кезде ірілендірілген колхоздарға тозығы жеткен комбайндар, тракторлар мен автомашиналар берілгендігі туралы еш нәрсе айтылмады. Көрсеткішті «жоғарылатып көрсету» үшін орасан зор аумақ жыртылды. Экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы ауыр салдарларға әкеп соқты: топырақ эрозиясы күшейді, топырақтың құнарлы қабатын жел ұшырып кетті. Жалпы жаппай тың игеру үшін егіншілікті жүргізудің тиімді әдістері екі онжылдық өткеннен кейін ғана ұйымдастырыла бастады. Егін үшін жыртылған миллиондаған гектар жер шабындық пен жайылымдық алқаптардың көлемін тарылтты. Мыңдаған гектар жерлер елді мекендер салуға тартып алынып, олардың инфрақұрылымын жүргізу үшін құнарлы жерлердің елеулі көлемі бөлінді. Нәтижесінде ауыл шаруашылығының дәстүрлі саласы - мал шаруашылығы орны толмас шығынға ұшырады. Бұл елдегі ауыл шаруашылық өнімін өндірудегі қарқынның шұғыл төмендеуіне алып келді. Жетіжылдыққа

(1959-1965) белгіленген. жалпы өнімді 70% - ға өсірудің орнына 15% ғана өнім алынды». Көптеген уақыт бойы тыңнан тек «қажырсыздар» мен «жігерсіздер» ғана кетті деген ұғым қалыптасқан еді. Бірақ жаңа жерлерді игеру кезінде мамандардың тұрақтамауының себептерін талдау мұндай адамдардың көп болмағанын көрсетті.

Материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыру деңгейі адамдардың үлкен құлшынысына, олардың еңбегінің қоғамдық бағасына сәйкес келмеді. Тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық құрылыстар салу ауыл шаруашылық өндірісі дамуының және халық санының өсуінің қарқындарынан айтарлықтай артта қалды. Соған қоса, тың жерлерді игеру басқа республикалардан халықтың кешіп келуіне жәрдем жасады, ұлттық салт-дәстүрлердің рөлі төмендеді, қазақ мектептерінің саны күрт азайып, ұлттық әдебиет пен мерзімдік баспасөз басылымы кеміді.

Қазақ халқының әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне, оның мәдени ескерткіштеріне «жоғарыдан» менсінбей қараушылық орын алды. Тың игеруді желеу етіп 2 млн-ға жуық орыстардың, украиндардың т.б. ұлт өкілдерінің көшіп келуі Қазақстанның солтүстік облыстарында тілдік және демографиялық проблемаларды ұшықтырды. Мал шаруашылығының жағдайы. Қазақстан ежелгі кезден-ақ мал шаруашылығын дамытуға қолайлы өлке болды. Бірақ үкіметтің, ауыл шаруашылығында қолданған ойластырылмаған шаралары оған да кері әсерін тигізді.

Мал шаруашылығының артта қалуының басты себептері мыналар: өмір шындығына жанасымсыз, ғылыми негізделмеген экономикалық заңдардың қолданылуы, саланың нашар материалды-техникалық базасы, жерді жырту нәтижесінде жайылымдықтардың азаюы. Күштеп жүргізілген ұжымдастырудың жағымсыз салдарлары да қолайсыз әсер етті.

### ***Кейс әдісінің кезеңдері***

*Оқу мәтіндері:* «Соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығының жағдайы»(1946-1960)

1. Мәтінді талқылау
2. Мәтіндерде қандай мәселе немесе проблемалар туралы айтылады?
3. Егер сіз жауап беруге қиналсаңыз, сіз өзіңізбен бірге әкелген оқулықты, басқа да ақпарат көздерін пайдалана аласыз.
4. Бірнеше проблемалар болуы мүмкін. Себеп-салдар байланысын оқшаулау маңызды.
5. Мәселенің шешімін іздестіру - осы жағдайда әртүрлі балама іс-әрекет әдістерін әзірлеу.
6. Әрқайсысының оң және теріс салдарын, сондай-ақ оларды жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарды талдауға негізделген ең жақсы шешім (балама) таңдау.
7. Топтың шешімі туралы әр түрлі формада презентация дайындау



(презентация, диаграмма, кесте және т.б.).

8. Талдамалық жұмыс нәтижелерін қорытынды ұсыну (оқушылар бір мәселені шешудің бірнеше нұсқасын оқып, салыстыра алады).

9. Топ шешімі туралы презентация дайындау (әр түрлі формада).

*Бірінші проблемалық тапсырма* – Қазақстанда ауыл шаруашылығының дамуына қандай саяси, әлеуметтік, экономикалық жағдайлар кері әсерін тигізді? Оны қалай шешуге болатын еді? Өз ұсынысың.

*Екінші проблемалық тапсырма* – ауыл шаруашылығының артта қалушылығын жойып, дамыту қандай тәсілдер арқылы жүзеге асырылды?

Материалдың мазмұнымен танысқаннан кейін оқушыларға тапсырманы орындап, жауап беру үшін 3-4 мин уақыт беріледі. Жауаптардың ішіндегі дұрыс, нақты жауап тақтаға жазылады. Осыған орай оқушылар тарапынан туындайтын ұсыныс, пікірлер айтылып, оңтайлы деп танылған шешім де тақтаға жазылады. Оқушылар тақтадағы мәселелерді дәптерлеріндегі кестеге толтырып отырады.

«Тың және тыңайған жерлерді игеру» тақырыбында сынып жеке екі топқа бөлінеді. Әр топ проблемалық тапсырмалар жазылған карточкалар алады.

*1-топ* – Тың игерудегі жетістіктер, республиканың экономикалық өркендеуі.

*2-топ* – Тың игеру: қайшылықтар, зардаптар, салдары.

*Рефлексия:* жағдайларды талдау, мұғалімнің оқушыларды бағалауы.

## **9-сынып.**

**Тақырып:** «Астана – Тәуелсіз Қазақстанның астанасы»

**Оқу мақсаты:** 9.3.1.11 Астананы жаңа Қазақстанның өркендеуінің нышаны ретінде айқындау

**Зерттеу сұрағы:** Астананы көшіру неліктен ұтымды стратегиялық шешім болып табылды?

**Сабақтың түрі:** топпен жұмыс. Талқылау.

### **1. Қазақстанның астанасы туралы бейнеролик көрсету**

Астана қаласы – 1997 жылғы 10 желтоқсанның бастап Қазақстан Республикасының астанасы.

Ақмола мәртебесіне 1862 жылдың 26 қыркүйегінде ие болған. 2019 жылғы 1 ақпандағы есеп бойынша қала тұрғыны 1 082 222 адамды құрады, бұл Қазақстандағы Алматы қаласынан кейінгі екінші көрсеткіш болып табылады. Миллионер қала мәртебесіне қала тұрғыны 1 002 874-ке жеткен 2017 жылғы маусымда қолжеткізді.

Нұр-Сұлтан еліміздің солтүстігінде, Есіл өзенінің бойында орналасқан. Әкімшілік аумағы жағынан қала 4 ауданға бөлінеді.



Бұдан кейін мұғалім 5 топқа бөлінуді және «Білемін. Білгім келеді. Білдім» технологиясын қолдана отырып топпен жұмыс жасауды ұсынады. (1-кесте)

1-кесте. «Білемін. Білгім келеді. Білдім» стратегиясы

<i>БІЛЕМІН</i>	<i>БІЛГІМ КЕЛЕДІ</i>	<i>БІЛДІМ</i>

Топтар Қазақстанның астанасы туралы кестенің екі бағанын: «Білемін» және Білгім келеді» толтырады.

Толтырғаннан кейін әр топтың басшысы толтырылған кестені таныстырады. Мұғалім топтың істеген жұмысының қорытындысын шығарады.

Мұғалім топта зерделеп талқылау үшін барлық топқа 5 түрлі мәтін ұсынады. Содан кейін «БІЛДІМ» бағанын толтыруды ұсынады.

### ***1-мәтін***

Астана – Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттің біртұтастығының символы, стратегиялық ойлар мен тәуелсіз мемлекеттің нығаюының квинтэссенциясы, ХХІ ғасырдың ультразаманауи мегаполисін салудың аса маңызды ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың стратегиялық ойы еліміздің ұзақ мерзімге дамуының перспективалы желісін анықтады, астананы көшіру тәуелсіз мемлекеттің тарихындағы жаңа жаһандық дәуірдің бастауы болды. 1994 жылғы 6 шілдеде Қазақстан Президенті Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесінің пленарлық отырысында «Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы» баяндама жасады. Сол күні Жоғары Кеңес астананы Алматы қаласынан Ақмолаға көшіру туралы тарихи шешім қабылдады.

1997 жылы 10 қазанда Қазақстан Халқына Жолдауында Президент: «ХХІ ғасырға аяқ басар кезеңде өз таңдауымызды – Сарыарқаның төрінде, көк

аспан астында жаңа астанамызды жария етеміз...» деп атап өтті. Бұдан былай ғасырлар бойы кең байтақ еліміздің төрінде халықтың тағдырына қатысты шешімдер қабылданатын болады. Бұл жерде Отанымыздың жүрегі соғатын болады. Осы жерде үшінші мыңжылдыққа аяқ басар кезеңде Қазақстан өз тарихи тағдырын анықтайтын болады. 1997 жылдың 20 қазанында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» Жарлығы шықты.

## **2-мәтін**

«1997 жылдың 20 қазанында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» Жарлығы шықты. Соған сәйкес, 1997 жылдың 10 желтоқсанынан бастап Ақмола қаласы егеменді Қазақстанның астанасы болды. Жарлық шыққаннан бастап бір айдан кейін 1997 жылдың 8 қарашасында қалаға Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің эталондары: мемлекеттік ту, елтаңба және президенттік штандарт келді. Тәуелсіз Қазақстанның тарихында жаңа кезең басталды.

1998 жылдың 6 мамырында ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес Қазақстанның астанасы Ақмола қаласының атауы Астана қаласы болып қайта аталды. Қайта атау жергілікті атқарушы және өкілетті органдардың өтініші бойынша қала жұртшылығының тілектерін ескере отырып және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастикалық комиссияның қорытындысы негізінде жүргізілді.

1998 жылдың 10 маусымында егемен Қазақстанның жаңа астанасының халықаралық тұсаукесері өтті. Астананы халықаралық таныстыру жылы Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асырудың бастамасы болып табылады. Ұлы даланың көшпенді өркениетінің көптеген ғасырлық тарихында бастау алған Астана Орталық Азия аймағының ірі мегаполисіне айналып келеді. Астананың сапалық және сандық жағынан өсуі Астананың сәулеттік бейнесімен тікелей байланысты. Қаланың бас жоспары Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың қалаға еуразиялық келбет беру туралы идеясын ескере отырып, көрнекті жапон сәулеткері Кисё Курокавамен жасалды. Астананың бірегей құрылыстары әлемнің кез келген мегаполисін безендіруге қабілетті, ал елорданың жаңа нысандарының әрқайсысы терең символды, экспрессивті және серпінді. Есіл өзенінің жағасында орналасқан заманауи қала өзінің қарқынды шарықтау, фантастикалық жобаларымен, даңғылдардың жарық шырақтарымен таң қалдырады. 1999 жылы Астананы әлем мойындады.

## **3-мәтін**

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа Астанасы ЮНЕСКО-ның «Әлем қаласы» марапатына ие болды. Бұл атақ ғаламшардың жаңа қалаларына беріледі, олар қысқа уақыт ішінде әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамудағы елеулі жетістіктерге қол жеткізе алды, ұлтаралық және конфессияаралық ынтымақтастықты нығайту бойынша мақсаттарды жүзеге асырды.

1999 жылғы 16 шілдеде Боливия астанасы Ла-Паседе ЮНЕСКО Бас хатшысы Федерико Майор Астанаға «әлемдік қала» халықаралық конкурсының жеңімпазы медалі мен сертификатын табыс етті. Осы уақыттан бері Астана «Бейбітшілік қаласы» атағына ие болды. Астананың экономикасы қарқынды дамып келеді. Астананың даму тактикасы мен стратегиясы «Астананың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі» (2001 ж.), «Астана қаласының орнықты дамуының 2030 жылға дейінгі Стратегиялық жоспары» (2006 ж.) бағдарламаларында белгіленген. Қала экономикасында арнайы экономикалық аймақтар (АЭА), технопарктер, жоғары технологиялар сияқты тиімді механизмдер пайдаланылады, тепловоздар, вагондар, тікұшақтар, күн батареяларының модульдерін өндіретін Қазақстан үшін жаңа өнеркәсіп салалары дамуда.

Астана – Қазақстанның инновациялық жүрегі. Елорда басқа өңірлер үшін қозғалыс векторларын айқындай отырып, Республикалық инновациялық процестің локомотиві болып табылады. Қалалық дамудың әртүрлі факторларын бірыңғай жүйеге біріктіретін SmartAstana (Ақылды қала) жобасының Тұжырымдамасы әзірленді және іске асырылуда.

Қазіргі кезеңде Астана Қазақстанда болып жатқан барлық үдерістердің тоғысуы болып табылады. XXI ғасырда мемлекетіміздің алдында тұрған стратегиялық міндеттерді жүзеге асыруға қабілетті қаланың бірегей бейнесі қалыптасты.

#### **4-мәтін**

2007 жылғы мамырда Қазақстан Президентінің ұсынысы бойынша ҚР Конституциясының мәтініне мемлекеттің астанасы – Астана қаласы туралы бап енгізілді. Елорданы көшіру жігерлі және өршіл жастардың өзін-өзі дамытуы мен мансап жағынан өсуі, көшбасшылардың жаңа буынын, жаңа астананың белсенді құрылысшыларының қалыптасуы үшін барынша жағдай жасады.

Елорда халқы – еліміздегі ең жас адамдардың бірі. Елорда тұрғындарының орташа жасы – 32 жас. Елорданы құрамы бойынша көпұлтты аймаққа көшіру көпұлтты мемлекетті нығайтуға, елдегі этникалық топтар арасындағы достық пен келісімді сақтауға және арттыруға ықпал етті. Рухани-интеллектуалдық дискурстың негізгі ұғымына төзімділік, ал көпұлтты қауымдастық (жүзден астам этностар) өзіне тән ерекше астаналық рухы бар бірыңғай қалалық анклав болып табылады. Астана бастапқыда тек әкімшілік ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның ғылыми және мәдени орталығы ретінде қалыптасты.

Нұр-Сұлтан – бұл 500-ден астам білім беру ұйымы жұмыс жасайтын жас қала. Отандық жоғары мектептің флагманы Назарбаев Университеті болып табылады, оның айналасында зияткерлік-инновациялық кластер құрылды. Оны қалыптастыру «Жол картасы» жобасында көзделген және ғылымды қажетсінетін жобалар мен белгілі инновациялық және өндірістік

компаниялардың бөлімшелерін орналастыру үшін индустриялық хай-тек-алаң құру, технопарк және бизнес-инкубатор, инжиниринг орталығы, Технологияларды коммерцияландыру орталығы, венчурлік қор кіретін болады.

Нұр-сұлтан қаласы – Еуразиялық аймақтың ірі мәдени орталығы, еліміздің мәдени астанасы және Ұлттық коммуникациялық орталық болып табылады. Елордалық университеттер, мұражайлар, театрлар, мұрағаттар, көрмелер, көркем шеберханалар, шығармашылық одақтар, концерттік алаңдар астананы ең үздік дәстүрлер мен мәдениет жетістіктерінің қорғаушысы етеді. Астананың мәдени өмірінің айтулы оқиғасы «Астана Опера» классикалық опера және балет театрының ресми ашылуы болды.

Театр күмбезінің астында еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясымен сөз сөйледі, онда мәдениетті ұлттың генетикалық кодының ажырамас бөлігі ретінде атап өтті.

«БІЛДІМ» бағанын толтырғаннан кейін топ басшылары орындалған жұмысты таныстырады.

Бұдан кейін тақтаға өз қалауымен бір оқушы шығады және сыныптағы басқа оқушылармен бірлесе талқылай отырып тапсырманы орындайды.

**Қорытынды кезең:** Мұғалім топтардың жұмыс қорытындысын шығарады.

**Рефлексия:** мұғалімнің қорытынды сөзі; мұғалімнің оқушыларды бағалауы.

### **9-сынып**

**Тақырыбы:** «Қазақстан - 2030» Стратегиясы – мемлекет дамуындағы жаңа кезең

**Оқу мақсаты:** 9.3.1.9 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау;

**Сабақтың түрі:** практикалық сабақ, топтық жұмыс.

### **Кейс «Қазақстан-2030» Стратегиясы**

Қазақстан-2030 Стратегиясы – ел дамуының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық бағдарламасы. 1997 жылы 1 қазанда қабылданған. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған жолдауында баяндалған. Стратегияда көзделген мақсат – ұлттық бірлікке, әлеуметтік әділеттілікке, бүкіл жұртшылықтың экономикалық әл-ауқатын жақсартуға қол жеткізу үшін тәуелсіз, гүлденген және саяси тұрақты Қазақстан мемлекетін орнату. Осы мақсатқа орай мынандай ұзақ мерзімді негізгі бағыттар бөліп көрсетілді:

**Ұлттық қауіпсіздік:** аумақтық тұтастықты толық сақтай отырып, еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде дамуы. Мемлекеттің тұрақты түрде дамуын

қамтамасыз ететін барлық қажеттіліктер шеңберіндегі бастапқы шарт – ұлттық қауіпсіздік және мемлекеттіліктің сақталуы. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі көрсеткіші ретінде демократиялы, индустриясы дамыған басты мемлекеттермен байланыстарды күшейту, халықаралық институттар мен форумдардың көмегі мен жәрдемін пайдалану қажеттігі атап көрсетілді. Мұның өзі халықаралық қоғамдастық тарапынан [Қазақстанға](#) қолдау жасаудың жақсы жолға қойылуын, бай табиғи қорлардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді, Қазақстан азаматтарының өз еліне деген сүйіспеншілік сезімін арттырады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмысындағы сөзсіз басым бағыт сыртқы саяси қызметке, Қазақстанның өз көршілерімен және дүние жүзінің жетекші елдерімен өзара тиімді қатынастар қалыптастыруға бағытталған.

*Ішкі саясаттың орнықтылығы және қоғамның шоғырлануы:* [бірлік](#) – [қоғам](#) мен мемлекеттің одан әрі дамуының кепілі. Бұл салада барша азаматтар үшін тең мүмкіндіктің және барлық этникалық топтар үшін тең құқықтың болуына кепілдік беру, ауқаттылар мен кедейлер арасындағы айырманы азайту, әлеуметтік мәселелерді шешу, саяси орнықтылық пен қоғамның шоғырлануын ұзақ мерзімге қамтамасыз ететін дәулетті Қазақстан мемлекетін орнату міндеті қойылды.

*Шетелдік инвестициялар мен ішкі жинақ қаражаттың деңгейі жоғары болатын ашық [нарықтық экономика](#) негізінде экономикалық өрлеу.* Негізгі қағидалары: мемлекеттің белсенді рөлін сақтай отырып, оның экономикаға араласуын шектеу, макроэкономиканы орнықтыру, экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету, экономиканың нақты секторын сауықтыру, күшті әлеуметтік саясат жүргізу, қатаң қазыналық және монетарлық шектеулер жағдайында бағаны ырықтандыру, ашық экономика мен еркін сауда қатынасын орнату, энергетикалық және табиғи қорды өндіруді одан әрі жалғастыру, шетелдік инвестицияларды қорғау.

*Қазақстандықтардың денсаулығы, [білім](#) алуы және игілігі:* азаматтардың тұрмыс жағдайы мен деңгейін көтеру, экологиялық ортаны жақсарту. Сырқаттардың алдын алу және салауатты тұрмыс салтына ынталандыру, азаматтарды салауатты тұрмыс салтын ұстауға, дұрыс тамақтану, гигиена мен тазалық ережелерін сақтауға баулу, нашақорлық пен наша бизнесіне қарсы күресу, маскүнемдік пен темекі шегуді қысқарту, ана мен баланың денсаулығын сақтау, қоршаған орта мен экологияны таза ұстау мәселелерін қамтиды.

*Энергетикалық қорлар:* тұрақты экономикалық өрлеу үшін мұнай мен газ өндірудің және оларды шетке шығарудың көлемін жедел ұлғайту жолымен энергетикалық қорды тиімді пайдалану. Бұл [стратегия](#): таңдаулы халықаралық технологияларды, коммерциялық құпия және қомақты капиталды тарту, қордың тез де ұтымды пайдаланылуы үшін басты халықаралық мұнай компанияларымен ұзақ мерзімді серіктестік орнату, мұнай мен газ экспорты үшін құбырлар желісінің жүйесін жасау, отын қорын пайдалану қызметінде

дүниежүзілік қоғамдастықтағы ірі елдердің Қазақстанға және оның әлемдік отын берушілік рөліне ынтасын ояту бағытын ұстау, ішкі энергетикалық инфрақұрылымды жасау, өзін-өзі қамтамасыз ету және бәсекеде тәуелсіз болу мәселелерін шешу мәселелерін қамтиды.

*Инфрақұрылым (көлік және байланыс):* [ұлттық қауіпсіздікті](#), саяси тұрақтылықты нығайту, экономикалық өрлеуді күшейту. Отандық көлік-коммуникациялық кешеннің әлемдік нарықтағы бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ету және Қазақстан арқылы өтетін сауда ағынын ұлғайту міндеті қойылған.

*Кәсіпқой мемлекет:* іске шын берілген және елдің негізгі мақсаттарына қол жеткізуде халық өкілдері болуға лайық мемлекеттік қызметкерлердің осы заманғы қабілетті құрамын жасақтау. Бұл саладағы міндет осы заманға сай тиімді мемлекеттік қызмет пен нарықтық экономикаға оңтайлы басқару құрылымын құру, басты мақсаттарды іске асыруға қабілетті Үкіметті жасақтау, ұлттық мүдделердің сақшысы болатын мемлекет орнату.

Президенттің жолдауында бүкіл күш-жігерді осы бағыттарға жұмылдырудың, мүмкіндіктерді шоғырландырудың және үйлестірудің келелі идеялары айқын тұжырымдалған, басқару жүйесіндегі реформаларды жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдерін түбірімен қайта қарау қажеттілігі атап көрсетілген. Бұл қысқа және ұзақ мерзімді негізгі бағыттарды іске асыру барысында, ең алдымен, еліміздің барлық азаматтарының бостандығына кепілдік беруге, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және ертеңгі күнге деген сенімін нығайтуға бағытталған бірден-бір бағдарламалық-стратегиялық ресми құжат болып табылады.

Қазақстан осы стратегиялық міндеттерді орындай отырып, [2030](#) жылға қарай дамыған елдердің деңгейіне жетуге, дүние жүзінің ең дамыған жиырма елінің қатарына қосылуды көздейді. [Реформалар](#) стратегиясында экономикалық және саяси құрамдағы ырықтандырудың өзара ажырамайтын байланыста болатындығы ескерілген. Бәсекелестік қабілеті ашық та риясыз жағдайда қалыптасқан қоғам орнату одан әрі демократияландыру арқылы өтеді, ол, түптеп келгенде, сайлауды әділ өткізуге, саяси партиялардың, парламенттің рөлін, үкіметтің мүмкіндігін күшейтуге, сот жүйесін реформалауға, БАҚ-қа еркіндік беруге, әйелдердің қоғамдағы рөлін күшейтуге бағытталған.

Негізгі бағыттар бойынша топтық жұмыс жүргізіледі:

**1) «Қазақстан-2030» Стратегиялық бағдарламасын іске асыру жолдары бойынша өз пікірлерін білдіреді:**

1. Мемлекет тәуелсіздігі, оның рәміздері мен нышандары;
2. Ескі саяси-экономикалық жүйемен түпкілікті алшақтық;
3. Жаңа саяси-экономикалық жүйенің болуы;
4. Адам ресурстары – ғылыми және шығармашылық әлеуеті жоғары жоғары білімді халық;

5. Қазақстанның бай табиғи ресурстары;
6. Үлкен ауылшаруашылық жер қоры;
7. Саяси тұрақтылық пен қоғамның бірлігін сақтау;
8. Қазақстандықтардың төзімділігі мен толеранттылығы, барлық шетелдіктермен достықта болуы.

### **Проблемалық сұрақ:**

*33 жылдан кейін Қазақстанның бейнесі қандай болады?*

Білім алушылар болжамды ой-пікірлерін негіздейді:

1. Жоғары білімді, жауапты, жігерлі, мықты денсаулығы бар ұрпақ.
2. Өзінің бейбіт, гүлденген, тез өсіп келе жатқан, бүкіл әлемде танымал және құрметті елінің патриоттары.
3. Еңбегі жоғары бағаланатын, Қазақстан халқының мүдделерін өздерінің жеке мүдделерінен жоғары қоятын білімді мамандар.
4. 2030 жылы азаматтар мемлекеттің олардың құқықтарын сақтап және олардың мүдделерін қорғайтынына сенімді болады.
5. Ауасы таза, суы мөлдір Жасыл ел.
6. Қазақстан Еуразияның орталығы бола отырып, тез өсіп келе жатқан үш өңір – Қытай, Ресей және мұсылман әлемі арасында оларды экономикалық және мәдени тұрғыда байланыстырушы рөлін атқаратын болады.
7. Елімізде барлық ұлттар үшін тең мүмкіндік бар екеніне сенімді, өздерін ең алдымен Қазақстан азаматы деп санайтын көптеген ұлттардың өкілдері өмір сүретін болады.

### ***Кейс «Тәуелсіздікті орнату мен дамытудың қазақстандық жолы»***

«Тәуелсіздікті орнату мен дамытудың қазақстандық жолы» бойынша бейнеролик қатарын көру ұсынылады.

Талқылау (сұрақ - жауап).

Топтық жұмыс

Топта жұмыс істеу (8 адамнан).

**Тапсырма:** «Азаматтық қоғамды қалыптастырудағы Қазақстан Республикасының жетістіктері» (этникалық және діни қатыстылығына қарамастан азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының теңдігін қамтамасыз ететін құқықтық база, ұлтаралық диалог – Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымы», тілдік саясат) тақырыбы бойынша материал дайындау және қорғау. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстанның мемлекеттік дамуындағы рөлі.

Топ жұмыстарын қорғау және талқылау.

Қатысушыларға тапсырма:

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының 4 тармағы «Қазақстан азаматтарының білімі мен денсаулығы, әл-ауқаты» бойынша



тапсырманы орындау.

Топтық жұмыс. «Дені сау ұрпақ - Тәуелсіз Қазақстанның болашағы» тақырыбына жоба дайындау.

Жобаны қорғау және талқылау.

**Қорытынды кезең:** Мұғалім топтардың жұмыс қорытындысын шығарады.

**Рефлексия:** мұғалімнің қорытынды сөзі; мұғалімнің оқушыларды бағалауы.

### **9-сынып**

**Тақырыбы:** «Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясат. «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасы»

#### **Оқу мақсаты:**

9.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру

#### **I- кезең**

*«Болашақ» мемлекеттік бағдарламасы» туралы ақпарат*

«Болашақ» халықаралық стипендиясы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың 1993 жылғы 5 қарашадағы қаулысымен тағайындалған.

Бағдарламаның мақсаты – ел экономикасының басым секторлары үшін кадрлар мен мамандар даярлау. Бағдарламада академиялық оқу (магистратура, докторантура) және әлемнің жетекші компаниялары мен университеттерінде ғылыми-өндірістік тағылымдамадан өту қамтылған.

24 жыл ішінде «Болашақ» бағдарламасы еліміздің стратегиялық басымдықтарына негізделі отырып, дамудың бірнеше кезеңінен өтті.

Алғашқы 10 жылда (1993-2004 жж.) бағдарлама халықаралық қоғамдастық пен сапалы нарықтық қатынастарды құру үшін шетелдік білімі бар мамандарды даярлауға бағытталды. Стипендия, негізінен, қазақстандық жоғары оқу орындарының экономикалық және гуманитарлық факультеттерінің түлектеріне тағайындалды. Сол кезеңде 785 түлектің 35% -ы жоғары және орта буын басшылары болды.

Бағдарламаны дамытудың келесі кезеңінде (2005-2007 жж.) стипендиялар саны жылына 3 000-ға дейін ұлғайды, ал шетелдік жоғары оқу орындарының саны әлемнің 13 елінен 33 еліне дейін көтерілді. Бағдарламаны бір орталықтан басқаратын стипендиаттарды оқыту және жұмысқа орналастыру мониторингісінің толық процесін қамтамасыз ететін «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ (бұдан әрі – ХБО) құрылады. Стипендиаттарға елге келген соң бес жыл жұмыс істеу міндеттемелерін бекітіп беретін шарттық база әзірленді.

2008-2010 жылдар бағдарламаны дамытудың тағы бір маңызды кезеңі болды. Дәл осы кезеңде алдын ала тілдік дайындықтан өтуге мүмкіндігі бар («ауыл жастары», «мемлекеттік қызметшілер», «ғылыми-педагогикалық қызметкер») үміткерлердің жеңілдігі бар санаттары, сондай-ақ 12 айға дейінгі қысқа мерзімді тағылымдамалық бағдарламалар енгізілді.

2011-2013 жылдары жоғары білікті кадрларды (магистрлер мен докторларды) даярлау қажеттілігіне байланысты бакалавриат бағдарламасы бойынша оқыту тоқтатылды. Осы кезеңде мемлекеттік органдардың өтінімдері негізінде маман даярлауды көздейтін стипендиаттарды қабылдаудың бағдарламалық-мақсаттық тетігі енгізілді. Үміткерлердің жеңілдігі бар санаттары инженерлік-техникалық және медициналық қызметкерлермен толықтырылды.

2014-2016 жылдары үміткерлерді іріктеу тәсілдері қайта қаралды және «6+6» форматы бойынша тілдік даярлықтың жаңа моделі іске қосылды (6 ай – елде, 6 ай – шетелде). Жеңілдігі бар санаттарға ағылшын тілін білудің ең аз деңгейі кезең-кезеңімен IELTS 3.0-тен IELTS 5.0-ке дейін арттырылды. Жоғары оқу орындарының әлемдік тізімі 200-ден 100-ге дейін қысқарды, сонымен бірге ұлттық рейтингтер бойынша алғашқы 30 орындағы жоғары оқу орындары кіргізілді. «Мәдениет және БАҚ қызметкерлері», «докторантураға өздері түскен» (бағдарлама шеңберінде тілдік дайындықты қарастыратын) сияқты жаңа жеңілдігі бар санаттар енгізілді.

«Болашақ» стипендиясының бұқара халыққа қол жетімділігі, нақты маман даярлауға бағытталғандығы және одан кейін көмек көрсетуі, яғни түлектермен жұмыс істеуі ерекше атап өтілді.

2018 жылдың 1 маусымдағы жағдайы бойынша ақпарат: «Болашақ» бағдарламасы бойынша 25 жыл ішінде 12 898 стипендия тағайындалды.

Бүгінгі таңда 10 096 маман даярланды.

Қазіргі уақытта 1 255 стипендиат шетелде білім алуда, «Барлық стипендиаттардың үштен екісі – зейнеткерлердің, мемлекеттік емес құрылым қызметкерлерінің балалары, оның ішінде 8 пайызының ата-анасы стипендия алған сәтте жұмыссыз болған. Екі жүзден астам стипендиат – ата-анасынсыз қалған талантты жастар», – деді Тұңғыш Президент «Болашақ» халықаралық стипендиясының мерейтойлық форумында сөйлеген сөзінде.

«Болашақ» бағдарламасы бойынша еліміздің барлық өңірлері үшін мамандар даярланады. Елбасы бағдарламаны «Болашақта» елдің барлық өңірлерінің өкілдеріне қол жетімді болатындай етіп түзету міндетін қойды. «Бүгінгі күні барлық қатысушылардың жартысы – Қазақстанның түрлі өңірлерінің тұрғындары. Оқуды аяқтағаннан кейін олар осы өңірлерге оралады – бұл өте маңызды», – деп атап өтті Н.Назарбаев.

«Болашақ» халықаралық стипендиясының әрбір екінші түлегі Қазақстанның мемлекеттік және жеке компанияларында жұмыс істейді.

«Болашақ» бағдарламасы елдің дамуында үлкен рөл атқарды. Ең алдымен

бұл экономика, білім, ғылым, денсаулық сақтау, ұлттық мәдениет және өнер саласы үшін жаңа кадрлар.

Елбасының айтуынша, «болашақтықтардың» 19%-ы ұлттық компанияларда, 4%-ға жуығы халықаралық ұйымдарда менеджерлер болып жұмыс істейді.

Нұрсұлтан Назарбаевтың пікірінше, «Болашақ» бағдарламасы егеменді Қазақстанның тарихындағы алтын беттердің бірі болды. Оның арқасында экономикасы тығырық жағдайында болған жас республика жаңа экономикалық және әлеуметтік үдерістерді қиын жағдайларда басқаруға қабілетті кәсіби кадрлармен толықты.

«Болашақ» бағдарламасының арқасында біз жаһандық элитаны даярлаудың әлемдік жүйесіне қосылдық. Бұл – тәуелсіздік дәуіріндегі қазақстандықтардың жаңа буынын қалыптастыру жөніндегі жоспардың маңызды бөлігі.

Бүгінгі таңда «Қазақстан – 2050» Стратегиясы контекстінде, бүкіл әлемнің дамуы контекстінде біздің халқымыздың алдында тұрған жаңа міндеттерді көру маңызды.

### **1- тапсырма**

Білім алушыларға танымал «болашақтықтар» туралы бірнеше мәліметтер дайындау ұсынылады.

### **2- тапсырма**

*Талқылауға арналған сұрақтар:*

1. ХХІ ғасырда бәсекеге қабілетті болу үшін маған қандай қасиеттер қажет?

2. ХХІ ғасырда табысты алға жылжу үшін менің халқымның мәдениетінде нені сақтау және дамыту қажет?

4. Диплом немесе білім – мен үшін несімен маңызды? Менің білімім еліме қалай көмектеседі?

5. Қазақстанның әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына енуіне менің жеке үлесім қандай?

6. «Болашақ» бағдарламасында мені не қызықтырды?

### **Әдістемелік ұсынымдар:**

Мұғалім берілген мәтіннің негізгі идеяларын талқылау үшін сыныпта 6 шағын топ ұйымдастырады. Әрбір шағын топқа талқылау үшін сұрақтардың бірін таңдау ұсынылады.

Мұғалім топқа бөлу мәселесін өзінің сынып оқушыларының ерекшеліктерін және топта топтық жұмысты ұйымдастырудың өзіндік тәжірибесін ескере отырып ұйымдастырады.

Сондай-ақ, талқылаудан кейін микротоптағы жұмыстың нәтижелерін, шешімін бүкіл топқа таныстыру қажеттігі жайлы нұсқаулық берілуі керек. Бұл ретте білімалушылар презентация жасаудың формасын өздері таңдайды. Оның көрнекі (инфографика, суреттер, ауызша баяндама, тірі суреттер және т.б.) және

оқушылар үшін қызықты болғаны дұрыс.

## *II КЕЗЕҢ*

Талқылау нәтижесінде тұлғалық өсудің жеке немесе топтық жоспарларының идеялары, жобаларының пайда болуы маңызды. Бұл жоспарлар нақты мақсаттарды көрсете отырып, бір немесе екі жылға арналған болуы мүмкін (мысалы, оқу мерзімін және олардың атауларын көрсете отырып 20-25 кітап оқу немесе ағылшын тілін білудің нақты деңгейін көрсете отырып, TOEFL, IELTS, Кембридж емтихандарын: FCE, CAE (Certificate in Advanced English), CPE тапсыруға дайындық; өз кітапханасын қазақ тіліндегі кітаптармен толықтыру; өлкетану мұражайын, экологиялық зертхананы, робототехника кабинетін, спорт клубын құруға бағытталған қандай да бір топтық жобаны әзірлеу және іске асыру және т. б.).

Сабақ соңында педагог жұмыстың жалпы қорытындыларын шығарады.

Білім алушылар өздерінің болашақ кәсіби бағдарларының жоспарларын, жобаларын қарауға ұсынады.

**Ұсынымдар:** оқытушы білім алушылардың ұсынып отырған жобалары мен жоспарларын оқу жылы ішінде әр адамның шығармашылық есептері түрінде талқыланатындығына нұсқау береді. Бұл тек сынып сағаттарында ғана талқыланбайды. Білім алушылардың ата-аналарын, «болашақтықтарды», оқытушыларды, қоғам өкілдерін және т.б. шақырумен микрофестивалар, идеялар калейдоскоптарын, қоғамдық байқаулар ұйымдастыруға болады. Сондықтан да, білім алушылардың жоспарлары мен жобаларында нақты әрі қол жетімді мақсаттар қою өте маңызды.

## **9-сынып**

**Тақырыбы: «Бірлік пен толеранттылықтың қазақстандық үлгісі»**

**Оқу мақсаты:**

9.2.1.2 Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім және ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын бағалау.

*Қажетті құрал-жабдықтар:* Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қазандағы №70-IV «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңының мәтіні, бейнеролик, презентациялық материалдар.

*Өткізу түрі:* топтық жұмыс.

Мұғалім Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қазандағы «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңы туралы қысқаша ақпарат береді.

Қазақстан халқы Ассамблеясына -20 жыл» фильмнен үзінді көрсету.

Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев 1992 жылы Ел тәуелсіздігінің бір жылдығына арналған елдің I-этникалық форумында ұсынды. Өз сөзінде Елбасы былай деп атап көрсетті:

«Халықтар достығы – қазақстандықтардың бірнеше ұрпағы қалыптастырған басты байлығымыз. Көп нәрсе қайта ойластырылуда, қазақстандықтар бұл байлықты ысырап етуге құқығы жоқ және игі дәстүрлерді ұмытпауы тиіс. Әрбір халықтың, кез келген ұлттың мүддесін әрдайым ескеріп отыруы керек. Сондықтан жаңа қоғамдық институт құрып, осы форумды тұрақты түрде өткізіп тұру керек.

1995 жылғы 1 наурызда ҚР Тұңғыш Президентінің Жарлығымен еліміздің қоғамдық-саяси аренасында жаңа институт – Қазақстан халқы Ассамблеясы пайда болды. Оны құру идеясына алдымен кейбіреулер күмәнмен қарады, бірақ Н.Назарбаевтың табандылығы мен шын ниетінің арқасында қазақстандықтардың басты байлығы – халықтар достығын сақтау, бүгінде ұйым 470 ұлттық-мәдени орталықты біріктіретін қуатты күшке айналды. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысы бойынша 2015 жыл – Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы болып жарияланды.

ҚР Конституциясының кіріспесі «біз, Қазақстан халқы ортақ тарихи тағдыр біріктірген, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құрып, өзімізді еркіндік, теңдік және келісім мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғынып, әлемдік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілеп, қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезініп, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге алып, Қазақстан Республикасы Конституциясын қабылдаймыз», - деп басталады.

Бүгінде республикада неміс, кәріс, татар, славян, шешен, ингуш, әзірбайжан, ұйғыр, орыс, украин, еврей, поляк, түрік, грек, армян, белорус, дүнген, күрд, өзбек, казак, түрікмен, болгар, дағыстандықтар, қырғыз, тәжік, қарашай, балкар, қытай, чуваш, қарақалпақ, ассирийлер, чех, Балтық маңы халықтары, грузин, осетин, лезгин, ирандықтар, бурят, венгр, румын халықтарының өкілдері тұрады.

Әр түрлі халықтардың өкілдері атауымен топ құрылады, олар өз жұмыстарын ұсынады (постерлер, презентациялар)

*1-топ – славян этносының өкілдері.* «Қазақстанның Орыс, славян және казак қоғамдық ұйымдарының ассоциациясы» ҚХА қамқорлығымен жұмыс істейтін ірі қоғамдық ұйым. Бұл қоғамдық ұйым Қазақстан славяндары: орыс, белорус, украин, болгар ұлттық орталықтарын біріктіреді. 2005 жылдың тамыз айында оның құрамына республикалық мәртебесі бар қазақстандық Орыс мәдени орталығы кірді.

*2-топ – әзірбайжан диаспорасының өкілдері.* «Тұран» халықаралық Әзірбайжан конгресі 1992 жылы тіркелді. Әзірбайжан бірлестіктері елдің барлық облыстарында және ірі қалаларында құрылған. Әзірбайжан диаспорасының негізгі бөлігі Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде тұрады.

*3-топ – армян диаспорасының өкілдері:* «Луйс» армян ұлттық орталығы Алматылық армяндар тобы бастамасымен 1991 жылы Алматы қаласында құрылған. 2003 жылы Алматы-1 ауданында Армян Үйі ашылды.

Тарихшы, Президенттік Бейбітшілік және келісім сыйлығының лауреаты Э. Тер-Петросян, Лермонтов атындағы орыс драма театрының бас режиссері Р. Андреасян, суретші Э. Казарян және т.б. әлемнің ең шағын ұлт диаспораларының бірінің құрамында. «Луйс» орталығының базасында 1994 жылы республикалық армян мәдени орталығы құрылды.

*4-топ – корей диаспорасының өкілдері.* «Қазақстан кәрістері Ассоциациясы» 1990 жылғы наурызда Қазақстан кәрістерінің құрылтай съезінде құрылды. Еліміздің ірі жоғары оқу орындарында корей тілі бөлімшелерінің ашылуы, «Менің екінші Отаным» атты 6 сериялық деректі фильмнің түсірілуі, «Қазақстан корейлері: иллюстрацияланған тарих» энциклопедиясының үш тілде жасалуы, Алматыда Корей үйінің салынуы – осы жұмыстардың барлығы да Ассоциация жұмысының нәтижесі. Қазақстан кәрістерінің өз баспа органдары, театрлары, теле және радиоарналары бар.

*5-топ – шешен және ингуш диаспоралары өкілдері.* «Вайнах» «шешен және ингуш халықтарының мәдениетін дамыту Ассоциациясы» 1980 жылдардың соңында әрекет еткен ұлттық мәдени орталықтары негізінде 1995 жылы құрылған. Ассоциация құрылымы шешен және ингуш бөлімдерінен тұрады, олар бірақ әр біреуі өз бетінше, бір жарғы негізінде жұмыс жасайды.

*6-топ – өзбек диаспорасының өкілдері.* «Дослик» Қазақстан Республикасының өзбек қоғамдық бірлестіктерінің ассоциациясы 1996 жылы құрылған. Өзбектер Қазақстан халқының 3%-ын құрайды. Диаспораның басым көпшілігі Түркістан (Оңтүстік Қазақстан) облысында тұрады.

Соңғы жылдары өткізілген басты шараның бірі – ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен ежелгі Сайрам қаласында өзбек драма театрының ашылуы.

*7-топ – Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілі.* Ассамблея қызметі Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар проблемаларын тиімді шешетін ел ретіндегі халықаралық беделінің өсуіне ықпал етеді. Ассамблеяның үлесі ең жоғары деңгейде бағаланды.

БҰҰ-ның бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннан Қазақстанға келген сапарынан кейін Қазақстанның әлемнің басқа мемлекеттері үшін этносаралық келісімнің тұрақты даму үлгісі бола алатынын айтты. Қазақстанға келген II Иоанн Павел Рим Папасы да Қазақстан халқы туралы өзінің жоғары пікірін білдірді.

Сабақ соңында мұғалім жұмыстың жалпы қорытындысын шығарады. Білім алушылар «Толеранттылық мектебі» жобасын қарастыруға ұсынады.

*Қорытынды кезең:* Білім алушылар тарихи деректерді талдап, сұрақтар бойынша өз пікірлерін білдіреді

*Рефлексия:* Мұғалім топтардың жұмыс қорытындысын шығарады. Бағалау.

## ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ» ПӘНІ БОЙЫНША КЕЙС ҮЛГІЛЕРІ

### 8-сынып

**Тақырып:** АҚШ-тың батыс бағыттағы аумағы қалай кеңейді?

**Оқу мақсаты:** 7.3.1.2 XIX ғасырдағы Америка Құрама Штаттары территориясының кеңею үдерісін сипаттау

### Кейс «Луизиана»

Сатып алынған аумақтың көлемі шамамен 530 миллион акраға тең (828 000 милы немесе 2 100 000 кмІ).

Жерді сатып алу бағасы 15 миллион америкалық долларды немесе 80 миллион француз франктерін құрады (несие бойынша пайыздарды қоса алғанда, АҚШ үшін сатып алу бағасының соңғы сомасы 23 213 568 американдық долларды құрады). Осыған орай, бір акраның бағасы 3 цент (гектарына 7 цент) болды. 1803 жылғы шарт бойынша АҚШ-тың пайдасына кеткен аумақтарға қазіргі уақытта заманауи Штаттар орналасқан: Арканзас, Миссури, Айова, Оклахома, Канзас, Небраска, Миннесота штатының оңтүстік бөлігі, Солтүстік Дакота штатының үлкен бөлігі. Сондай-ақ, Оңтүстік Дакота штаты, Нью-Мексико штатының солтүстік-шығыс бөлігі, Монтана, Вайоминг штатының бір бөлігі, Жаңа Орлеан қаласын қоса алғанда (Миссисипи өзенінің екі жағы бойынша) Колорадо, Луизиананың шығыс бөлігін қамтыды.

1803 жылғы шарт бойынша АҚШ-тың пайдасына кеткен аумақтарға қазіргі уақытта заманауи Штаттар: Арканзас, Миссури, Айова, Оклахома, Канзас, Небраска, Миннесота штатының оңтүстік бөлігі, Солтүстік Дакота штатының үлкен бөлігі кіреді. Сондай-ақ, Оңтүстік Дакота штаты, Нью-Мексико штатының солтүстік-шығыс бөлігі, Монтана, Вайоминг штатының бір бөлігі, Жаңа Орлеан қаласымен қоса Колорадо, Луизиана (Миссисипи өзенінің екі жағы бойынша) орналасқан.

Келіссөздер жүргізу кезінде Испания Оклахома штатының аумағы, Канзас және Луизиана штатының оңтүстік-батыс бөлігі бойынша өз наразылықтарын білдірген. Келісім-шартқа сәйкес АҚШ-қа Канаданың Альберта және Саскачеван провинцияларының бір бөлігі болған территориялар кетті. Келіссөздер нәтижесі бойынша сатып алынған жер қазіргі Америка Құрама Штаттары аумағының шамамен 23% - ын құрады.

«Луизиандық сатып алу» АҚШ-тың үшінші президенті Томас Джефферсонның саяси өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі болды. Джефферсон мәміле жүргізудің заңдылығына алаңдаушылық білдіргенімен, Франция мен Испания америкалықтардың Жаңа Орлеан порты арқылы олардың саудасына кедергі жасауына байланысты шарт бойынша шешім қабылдады.

### **Кейс «Калифорния»**

Американдық әскерлерді басып алғаннан кейін Жоғарғы Калифорнияда әскери губернаторлар билік жүргізе бастады.

Бұл тәжірибе бейбіт келісімге қол қойылғаннан кейін де жалғасты, бірақ ол ең алдымен, өздеріне тән емес азаматтық әкімшілендіру функцияларын орындауға мәжбүр әскерге ұнамаған еді.

Соғыстың аяқталуымен бір уақытта басталған калифорниялық алтын дүрлікпесі халықтың күрт өсуін тудырды. Президент Джеймс Полк 1848 және 1849 жылдары Калифорнияға азаматтық басқару құрылымын қалыптастыруға мүмкіндік беретін «аумақтың» мәртебесін беруге тырысты, алайда Конгресс тиісті заңды қабылдай алмады, өйткені құл иеленушілер мен бос штаттардың өкілдері арасындағы қарама-қайшылық орын алды.

1849 жылдың 13 сәуірінде Беннет Райли Жоғарғы Калифорнияның әскери губернаторы болды. Бұл Алтын дүрлікпесінің шыңы еді. «49 жылғы адамдар» деп аталатын алғашқы алтын іздеушілер Калифорнияға барлық континенттен желкенді кемелермен, тауар вагондарымен жіберіле бастады.

Сондай-ақ Алтын дүрлікпені естіп, Латын Америка, Еуропа, Австралия және Азия елдерінен өз еркімен ондаған мың адамдар келген. Бүгінгі күнгі бірнеше миллиард доллар сомасына тең алтын табылды, бұл кейбірінің ынта-жігерлерінің жай-күйінің артуына әкелді. Алайда, басқалары үйге бос қолдарымен оралды.

Райли билігіндегі аздаған күштер жергілікті тұрғындарды өлтірудің алдын алуға да, тіпті ең болмағанда ескі қалашықтарда тәртіпті сақтауға да қабілетсіздігін, ал Конгресс тағы бір рет Калифорнияның «территория» мәртебесін беруден бас тартқанын байқап, жергілікті азаматтық билікті өз бетінше ұйымдастыруға шешім қабылдады.

1849 жылдың 3 маусымы 1849 жылдың 1 тамызында Монтерреяға жиналған Конституциялық Конвентті шақыру туралы үгіт қағаз шығарды. Конвенттің 48 делегаты негізінен 1846 жылға дейін осында тұратындарды ұсынды (халықтың ешқандай санағы өткізілмеген, алтын іздеуде осы жерлерге келген көптеген ынта-жігерлерді ешкім ұсынбады), ал олардың 8-і испан тілінде сөйлеуші бола отырып, аудармашылардың қызметтерін пайдалануға мәжбүр болды.

43 күндік дебаттан кейін Конвент 1849 жылдың 13 қарашасында қабылданған Конституцияны жазды. Калифорния астанасы Сан-Хосе болды, Уақытша үкімет құрылды, округтер енгізілді және азаматтық әкімшілік қалыптастырыла бастады. Алайда АҚШ-тың Конгрессі, ақырында, құлдық және еркін Штаттардың арасындағы қайшылықтарды реттейтін (Калифорния Конституциясы құлдыққа тыйым салды) 1850 жылдың мәмілесін қабылдағаннан кейін тек 10 ай өткен соң, Калифорния АҚШ-тың құрамына енді.



### *Кейспен жұмыс кезеңдері*

«Луизиан» және «Калифорния» мәтіндерін оқу және талдау  
Мәселені шешу парағын толтыру.

*Проблемалық сұрақтар:*

1. Қандай мәселе/проблемалар туралы мәтіндерде сөз болып жатыр?  
(қиын болған жағдайда, оқулықтың мәтінін, атластарды, карталарды және басқа да қолда бар ақпарат көздерін пайдалануға болады).

2. Мәтіннен қандай маңызды ақпаратты табуға болады?

3. Мәтінді талдау негізінде мәселенің шешімін іздеу.

4. Әр адамның жағымды және жағымсыз салдарын, сондай-ақ оларды жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарды талдауға сүйене отырып, дұрыс шешімді таңдау.

5. Топ шешімінің презентациясын әр түрлі формада дайындау (слайд-презентация, сызба, кесте және т. б.)

6. Талдамалық жұмыс нәтижелерінің қорытынды презентациясы.

*Мұғалімге әдістемелік нұсқаулық*

*№1 проблема.* «Луизиан сатып алу» заңдылығы.

*№2 проблема* Калифорнияда қоғамдық тәртіпті сақтау.

*Проблеманы көрсету:* АҚШ-тың өмірлік кеңістігін кеңейту қажеттілігі игеруге қажетті жаңа аумақтарды басып алуға әкелді. Сонымен қатар, басқа мемлекеттерден, мысалы, Франция мен Испаниядан қажетті аумақты сатып алуға машықтанды.

Жер аумағын сатып алу көп жағдайда күмәнді болды және Франция мен Испанияның аумақтық наразылықтарын тудыруы мүмкін еді. Жерді сату-сатып алудан басқа, жергілікті тұрғындар-үнділерге тиесілі жерді де өз бетімен басып алу кең таралған. Бұл үндістер тарапынан, соғысқа, ашық қан төгілген қақтығысқа әкелді.

Сонымен қатар, АҚШ-тың жаңа Штаттары аумағында тиісті қоғамдық тәртіп болған жоқ, бұл губернатор атынан жергілікті биліктің осы мәселені шешуде күш қолдануға мәжбүрледі. Көбінесе АҚШ әскерінің тұрақты бөліктері тартылды, бұл оларға өздеріне тән емес функцияларды жүктеуге байланысты әскери ортада да наразылық туғызды.

*Болжамдық жағдайлар:* Болашақ Штаттардың аумағы халықаралық шарттарға сәйкес басқа мемлекеттерден (Франция, Испания) сатып алынады және заңды негізде жүзеге асырылады. Жергілікті үндіс тұрғындардың азаматтық құқықтары сақталады және оларға тең аумақ беріледі. АҚШ-тың жаңа Штаттарында заң мен тәртіп орнайды.

*Проблеманы шешу жолдары:*

1. Құқықтық база күшті болуы (сатып алу-сату, мүліктік құқық, Халықаралық жария құқық саласындағы нормативтік-құқықтық актілер) қажет;

2. Кәсіпкерлікті дамыту;

3. Мемлекеттің үнділіктерді қолдауы;
4. Нәсілдік және этникалық кемсітушіліксіз адами капиталды дамыту;
5. Инновацияларға және технологиялық дамуға, оның ішінде жаңа аумақтарды игеруге мемлекеттің көмегі;
6. Заң үстемдігін орнату қажеттілігі;
7. Мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының: заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің пәрменді жұмыс істеуі.

*Қорытынды кезең.* Оқушылардың шығармашылық жұмыстарын таныстыру.

*Рефлексия:* мұғалімнің қорытындылауы, оқушыларды бағалауы.

## **6 сынып**

**Тақырыбы:** Неліктен Жанна д'Арк француз халқының есінде сақталады?

**Оқу мақсаты:**

6.3.1.4 феодалдық соғыстар мен орталықтандырылған мемлекеттердің құрылуы арасында байланыс орнату.

Білім алушыларға «Жанна д'Арк» фильмінен үзінді көрсетіледі.

Үзіндіні көргеннен кейін, білім алушылар Жанна д'Арк тұтқынға алынуын, азапталуы т.б. талдау жасайды.

### *Кейспен жұмыс істеу кезеңдері*

«Жанна д'Арк» фильмінен үзінді» көру

*Проблемалық сұрақтар:*

- 1) Қандай оқиға туралы әңгіме болып отыр?
- 2) Жаннаның тұтқында болуы сендерге қандай сезім тудырады?
- 3) Жаннаның өліміне кім кінәлі?
- 4) Басқаша болуы мүмкін бе?
- 5) Егер Жаннаны босатқан жағдайда не болар еді?
- 6) Жүз жылдық соғыста «Жанна д'Арк» қандай рөл атқарды?


*Қорытынды кезең.* Білім алушылар «Жанна д'Арк» фильмінен үзінділерді талдай отырып, өз ойларын білдіреді

*Рефлексия:* мұғалімнің қорытындылауы, жағдайды талдау; білім алушыларды бағалауы.

## 9-сынып.

**Тақырып:** Бірінші дүниежүзілік соғыс әлем картасын қалай өзгертті?

**Оқу мақсаты:** 8.3.2.2 әлемнің саяси картасындағы өзгерістерді сипаттау арқылы империялардың (Австро - Венгрия, Ресей империясы, Осман империясы) ыдырау себептерін тұжырымдау.



1. *Картаны пайдаланып бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Ресейден бөлінген аймақтарды анықтаңыздар*

- A) Орталық Азия, Эстония, Литва
- B) Қиыр Шығыс, Болгария, Румыния, Греция
- C) Финляндия, Польша, Эстония, Литва Латвия
- D) Орталық Азия, Эстония, Литва Польша
- E) Болгария, Румыния, Эстония, Польша

**2-тапсырма** Тарихи деректі талдап, берілген сұраққа жауап беріңіздер

«.....АҚШ капиталистері бірінші дүниежүзілік соғысқа белгілі бір кезеңге дейін кіріспеуді дұрыс көрді. Соғыс кезінде олар орасан зор пайда тапты. Германия соғысушы мемлекеттер мен бейтарап елдердің сауда және жолаушы кемелерін суға батыратыны туралы мәлімдемесінен соң 1917 жылы сәуірде Германияға соғыс жариялады.....».

*Проблемалық сұрақтар:*

АҚШ-тың бірінші дүниежүзілік соғысқа кіру себебі не болды деп ойлайсыздар?

Неліктен Ұлттар Лигасы Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемде бейбітшілікті сақтай алмады?

*Қорытынды кезең.* Оқушылардың шығармашылық жұмыстарын таныстыру. Өз пікірлерін білдіру

*Рефлексия:* мұғалімнің қорытындылауы, оқушыларды бағалауы.

## **9- сынып**

**Сабақтың тақырыбы: 1960-2009 жылдардағы АҚШ**

**Оқу мақсаты:** Дж. Кеннедидің «Жаңа шептер» саясаты;

XX ғ. аяғы мен – XXI ғасырыдың басындағы АҚШ. Б.Клинтон. Кіші Дж. Буштың әкімшілігі.

2008 жылы сайлау демократтардың билікке келуі. Б.Обама.

Қазіргі АҚШ жерінде ежелден үнділер өмір сүрді. X ғасырда Колумб Американы ашқаннан кейін (1492-1503) XVI ғасырда Англия, Испания, Нидерланды, Франция, Швеция Солтүстік Американы отарлауға кірісті. Бірінші дүниежүзілік соғыста АҚШ Антанта жағында болды.

Соғыстан кейінгі Париж бітім конференциясында (1919) АҚШ президенті В.Вильсон халықаралық қатынастардың жаңа жүйесін жасаудың жобасын ұсынды («Вильсонның 14 пункті»).

Екі дүние жүзілік соғыс аралығындағы Ф.Рузвельт әкімшілігінің реформалары АҚШ тарихында ерекше орын алды. «Жаңа бағыт» деп аталған осы реформалар елді ауыр экономикалық дағдарыстан шығарды және қоғамның демократиялануы үлгісін қалыптастырды.

Рузвельт сыртқы саясатта да өзгеріс жасады. Латын Америкасында «тату көршілік», Еуропада «оқшаулану», Азияда «ашық есіктер» саясатын жүргізді. 1933 жылы АҚШ пен КСРО арасында дипломатиялық қатынастар орнады.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде АҚШ фашизмге қарсы мемлекеттер одағын құруға белсене қатысып, Тынық мұхитта, Еуропада, Африкада соғыс қимылдарын жүргізді. Соғысқа 1941 ж. 7 желтоқсанда кірісіп, 1945 жылы 2 қыркүйекте аяқтады.

Соғыстан кейін АҚШ пен КСРО бөлек-бөлек әскери-саяси одақтар құрып, дүние жүзін екі лагерьге бөлуді іске асырды. Осы «қырғи-қабақ соғыс» 80-жылдардың ортасына дейін созылды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан капиталистік мемлекеттер арасында экономикалық және әскери жағынан ең көп күш жинаған қауқарлы мемлекет жағдайында шықты. Оның жері де, халқы да соғыстың зардабын тарта қойған жоқ.

Капиталистік елдердің өнеркәсіптік өндірісінің жартысынан көбі осында шоғырланды. Соғыс жылдарында өнеркәсіп өнімдерін өндіру 2 есеге дейін өсті, америка монополияларының табысы 87 млрд долларға теңелді, АҚШ қазынасында әлемдегі алтын қорының 73%-ы сақталған.

АҚШ армиясы Германияда, Жапонияда, Италияда және басқа да мемлекеттерде орналасты. Дүние жүзінің әр түрлі елдерінде АҚШ-тың 500-ден астам соғыс базалары жайғастырылды. Америка мұхиттар мен теңізді билеп-төстеді. АҚШ атомдық қару шығаруда монополияға ие болды. 1945 жылы 12 сәуірде Ф.Рузвельттің қайтыс болуына байланысты жаңадан сайланған АҚШ президенті Гарри Трумэн: «АҚШ дүниежүзілік жауапкершілікті мойнына алады», - деп мәлімдеді. 1930 жылдардағы «бейтараптық» және «оқшауланушылық» келмеске кетті. АҚШ дүниежүзілік саясаттың орталығына айналды.

Реконверсия деп аталатын бейбіт өмірге көшу мемлекеттік саясатта және ондаған миллион америкалықтардың өмірінде шұғыл бетбұрыс жасады. Миллиондаған солдаттар өздерінің отбасына, қоғамдық өмірге қайтып оралды.

1947 жылы 12 млн солдаттан армия қатарында 1 млн адам ғана қалды. Қайтып оралған солдаттар мен офицерлерді орналастыру соғыстан кейінгі қайта құрудың аса маңызды мәселелеріне айналды.

Ішкі саясатта Г.Трумэн бағыты өзінің қарама-қайшылығымен ерекшеленді. 1946 жылы конгресте республикашылдар бағыты күшейе түсті. Олар демократтардың реформалық саясатына және Рузвельт кезіндегі реформалық әрекеттерге құлықсыздық танытты.

1947 жылы 23 маусымда кәсіподақ қызметін шектеу және ереуілдер ұйымдастыруда кәсіподақтардың құқығын реттеу туралы Тафт-Хартли заңы қабылданды. Кәсіподақ мемлекет бақылауына алынды. Бұл АҚШ-тың саяси өміріндегі оң өзгерістердің жалпы көрінісі болатын.

1948 жылғы президент сайлауында Г.Трумэн «әділетті бағыт» бағдарламасымен шықты. Бағдарламаның бірқатар тармақтарын сайлауда жеңіске жеткен Трумэн әкімшілігі орындады. Алайда Тафт-Хартли заңы, президенттің қарсы болуына қарамастан, конгресте мақұлданды. Қара нәсілді америкалықтардың азаматтық құқығы, медициналық сақтандыруды енгізу, оқу орындарына мемлекеттік көмек беру туралы және басқа да заңдар қабылданбады.

Сыртқы саяси бағыт. Соғыс бітісімен екі ірі мемлекет – КСРО мен АҚШ арасындағы ынтымақтастық қатынастар бұзылып, қарсыласу бағыты өрши түсті. КСРО-ға қарсы тұру, коммунизмді шектеу және ауыздықтау саясаты АҚШ-тың сыртқы саяси бағытының негізіне айналды. «Атомдық дипломатия», «орыстардың әлемді өзіне қаратуға ұмтылысын ауыздықтау» ресми саясатқа айналды. Мәскеудің озбырлық қимылдары мен теке-тіреске баруы көпке созылған «қырғи қабақ соғысты» туғызды.

### **Кейс әдісінің кезендері:**

Мәтінмен танысу

1. Мәтінді талқылау
2. Бұл америкалықтар қандай салада, қандай істерімен белгілі болды?
3. «Гату көрші», «Оқшаулану», «Ашық есік» саясатын сыртқы саясатта қай елдермен ұстанды?
4. Мәтінде қандай маңызды ақпаратты алуға болады?
5. Мәтінді талдау негізінде мәселені шешу.
6. Мәтінде берілген әр адамның оң және теріс салдарын талдауға, сондай-ақ оларды жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарды талдауға сүйене отырып, жақсы шешімді таңдау
7. Топ шешімін бірігіп, кесте арқылы ,ментальды карта арқылы да, басқа әдіспен де дайындауға болады.
8. Жұмыс нәтижесін қорытындылау

## «ГЕОГРАФИЯ» ПӘНІ БОЙЫНША КЕЙС ҮЛГІЛЕРІ

*Нұр-Сұлтан қаласы №84 мектеп-лицейінің*  
география пәні мұғалімі  
Алиева Манат Кенжетаевнаның тәжірибесінен

### 8 сынып

#### Тақырыбы «Өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау»

**Мақсаты:** 8.3.4.5 өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау қажеттілігін дәлелдейді, қорғау жолдарын ұсыну.

#### Кейс «Өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау»

Қазіргі Қазақстанның өсімдік жамылғысы 6000-дай өсімдік түрлерінен тұрады. Басқа көрші елдермен (Ресей, Орта Азия, Кавказ) салыстырғанда бұл онша көп емес. Оған Қазақстан жерінде шөлді, шөлейтті аймақтардың көптігі, топырақ пен климат әсер етеді. Екіншіден, Қазақстанның едәуір бөлігі геологиялық тарихы жағынан жас. Каспий маңы ойпаты мен Тұран ойпаты теңіз астынан неоген дәуірінде ғана босаған.

Үстірт пен Бетбақдаланың босауы одан сәл ғана ертерек. Сол себептен бұл өлкелердің өсімдік жамылғысы әлі толық қалыптасып үлгірмеген.

Қазақстандағы қазіргі өсімдіктер түрлері *қылқан жапырақты ормандар, ұсақ жапырақты орман-тоғайлар, бұталы тоғайлар, даланың бұталы өсімдіктері, сексеуіл, шөлдің бұталы өсімдіктері, дала өсімдіктері, субтропиктік өсімдіктер, шалғындар, тақырлар, шөлдің бір жылдық өсімдіктері* болып бөлінеді. Оларға геоботаникалық жағынан Еуразияның қылқан жапырақты орманы (Оңтүстік Алтай), Еуропа Сібірдің орманды даласы (Солтүстік Қазақстан), Еуразия даласы (Еділ-Жайық, Мұғалжар-Торғай, Есіл-Нұра, Қарағанды, Ұлытау-Сарысу Жайсан бойы), Азияның шөлді аудандары (Тұран ойпаты, Солтүстік Тянь-Шань, Қаратау) кіреді.

Қазақстанның жануарлар дүниесі қазір сүтқоректілердің 178, құстардың 489, балықтың 104 және омыртқасыздардың 50 мыңнан астам түрлерінен тұрады. Таралуы жағынан олардың мекендері бірнеше зоогеографиялық аудандарға бөлінеді. Оларға дала және орманды дала (Солтүстік Қазақстан, Ертіс өзені бойы), шөлейт және шөл (Каспий теңізінің солтүстік және шығыс жағалары, Жайық бойы, Торғай, Қызылқұм, Балқаш пен Зайсан көлінің жағасы, Бетпақдала, Сарысу, Сырдария жағалауы, Үстірт), таулы аудандар (Алтай, Сауыр, Тарбағатай Жетісу Алатауы, Тянь-Шань, Қаратау, Ұлытау, Қалба, Сарыарқа) жатады.

Қазақстанның жануарлар дүниесін қорғау, олардың адам өміріне, халық шаруашылығына келтіретін зиянына қарсы күресу - мемлекеттік шара болып табылады. Жануарлардың сирек және құрып кетуге таяу аз түрі

«Қазақстанның Қызыл кітабына» енгізіліп, ерекше қорғауға омыртқалылардың 125 түрі, омыртқасыздардың 96 түрі алынған. Олардың ішінде сүтқоректілерден (*қарақұйрық, арқар, қабылан, қар барысы, тьянь-шань қоңыр аюы, шағыл мысығы, күзен және т.б.*), құстардан (*қоқиқаз, бура және қызғылт бірқазан, қара және ақдәйлек, тоқылдақ аққу, дала бүркіті, дуадақ, қырғауыл, ұлар және т.б.*), жорғалаушылар, қосмекенділер мен балықтың бірнеше түрлері бар. Елімізде бұрын көп болған құлан, қарақұйрық, ақбөкен сияқты аңдардың санын қалпына келтіру, сырттан әкелінген жануарларды жерсіндіру бағытында да жұмыстар жүргізілуде.

Өзен бойларында *ондатр*, Алтай тауларында *қара күзен* мен *балғын*, Каспий жағалауында ит тәріздес жанат өсіру қолға алынған. Өзендер мен көлдерге балықтың жаңа тұқымдары жіберілуде.

Қазақстан табиғатының байлығы мен жануарларын қорғау мақсатында Ұлттық парктер (Баянауыл, Іле Алатауы, Қарқаралы, Алтынбел Ордабасы) мен қорықтар (Ақсу-Жабағылы, Наурызым, Алматы, Барсакелмес, Үстірт, Қорғалжын, Батыс Алтай, Алакөл) ұйымдастырылған.

### **Кейспен жұмыс істеу кезеңдері**

Мәтіндерді оқу: «Өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау»

1. Мәтінді талқылау
2. Мәтіндерде қандай проблема сөз болып отыр?
3. Жауап беруге қиналсаңыз, оқулық мәтінін, атластарды, карталарды және басқа да ақпарат көздерін пайдалана аласыз.
4. Бірнеше мәселе болуы мүмкін. Себеп-салдарлық байланыстарды ажырату маңызды.
5. Проблеманы шешуді іздеу – бұл жағдайда іс-әрекеттің әр түрлі тәсілдерін (балама) әзірлеу
6. Әрқайсысының оң және теріс салдарын, сондай-ақ оларды жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарды талдауға негізделген ең жақсы шешім (балама) таңдау.
7. Топ шешімін ұсынуды әр түрлі формада дайындау. (презентация, схема, кесте, және т. б.)
8. Аналитикалық жұмыс нәтижелерінің қорытынды презентациясы (оқушылар бір проблеманы шешудің бірнеше нұсқаларын біле алады және салыстыра алады)
9. Топ шешімін ұсынуды түрлі нысандарда дайындау.

## **Мұғалімге арналған нұсқаулық**

№1 мәселе: Жер бетіндегі өсімдіктер мен жануарлардың азаюы

№2 мәселе: Атмосфераның ластануы, тіршіліктің жойылуы

### **Мәселенің көрінісі:**

-Биосфераның өзін-өзі емдей алу қабілетінің жоғалуы.

- Азық-түлік тізбегінің сыни бұзылуы, бұл да тірі ағзалардың жаппай өлуіне әкелуі мүмкін.

- Оттегінің азаюы. Біз оттегімен дем аламыз. Біздің атмосфера шамамен 21% - ға оттегінен, 78% - ға азоттан тұрады, ал қалғандары аргон, гелий, неон және басқа да газдар алады. Оттегі біздің атмосферада ең көп таралған газ болмаса да, ол ең маңызды болып табылады. Оттегі болмаған кезде өсімдіктер, адамдар және су бүгінгідей болмас еді.

- Климаттың өзгеруі. Экожүйе климатқа қатты әсер етеді, оны қолдайды. Экожүйені жою климаттың тұрақтылығын бұзуға алып келеді.

### **Мәселені шешу жолдары:**

1. Ағаштардың кеспеу, қабығын зақымдамау
2. Жабайы аңдарды ауламау
3. Құстардың ұяларына жақындамау және оларды жоймау
4. Орманға, шалғынға, өзенге, теңізге қоқыс қалдырмау.

Табиғат - бұл біздің тіршілік ету ортамыз, біз табиғаттың бір бөлігіміз және ортақ үйімізді қорғауымыз керек

**Қорытынды кезең:** Оқушылардың шығармашылық жұмыстарымен таныстыру.

**Рефлексия:** мұғалімнің сөздерін жалпылау - жағдаяттарды талдау; мұғалімнің оқушыларды бағалауы.



## **8 сынып**

### **Тақырыбы «Климаттың өзгеруі»**

**Мақсаты:** 8.3.2.5 Жер бетіндегі климаттың өзгеру себебін қарастыру;  
мүмкін болатын салдарды талдау және климаттың өзгеруінде  
болатын мәселелерден шығу жолдарын ұсыну

### **Кейс «Климаттың өзгеруі»**

Климаттың өзгеруі- түгелдей жер бетінде немесе оның ірі аймақтарында климат жағдайларының ұзақ бағытты (он жылдан астам) немесе ырғақты (геологиялық уақытта, тарихи уақытта) өзгерулері. Палеогеографиялық зерттеулердің негізінде анықталған геологиялық климаттың өзгерулері Жер тарихында ұзаққа созылған жылы және суық кезендердің болғанын дәлелдейді.

Көбінесе метеорологиялық байқаулардың негізінде, сондай-ақ дендрохронологиялық және т.б. әдістермен анықталатын қазіргі Климаттың өзгерулері кейінгі ондаған (кейде жүздеген) жылды қамтиды және циклді сипатта болады. Әр түрлі себептерден туындаған ұзақтығы 11, 35, 80-90 жылдарға созылған, сондай-ақ ғасырдан асқан климаттық ырғақтар (мысалы, 1800—1900 жылдық ырғақтар) және т.б. анықталды. Климаттың Күн активтілігінің ғасырлық және ғасырдан ұзақ өзгерістерімен байланыстары туралы болжамдар да бар. Климаттың өзгерулері әр түрлі дәрежеде табиғи ортаның барлық құрам- бөліктері мен ауыл шаруашылығы өндірісіне әсер етеді.

Ғалымдардың мәліметінше, 2015 жылдың он айында ғаламшардың орташа температурасы XIX ғасырда (жаһандық температураның өзгеруін бақылау басталған кезде) белгіленгеннен 1,02 °C жоғары болды. Бір градустың шегі қазіргі тарихта алғаш рет асып түсті. Ғалымдар адамның қызметі-мұнай, газ және көмірді жағу-орташа температураның жоғарылауына әкелетін парникті әсерге алып келеді деген пікірде. Сарапшылар 2000 және 2010 жылдар арасындағы кезеңде соңғы 30 жылда парниктік газдар шығарындыларының ең қуатты өсімі байқалғанын атап өтті. Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның мәліметтері бойынша, 2014 жылы олардың атмосферадағы шоғырлануы рекордтық жоғары деңгейге жетті.

### **Кейс «Климаттың өзгеруі қалай әсер етеді?»**

Соңғы жылдары жердегі климат айтарлықтай өзгеруде: кейбір елдер қатты ыстықтан, басқалары тым қатал және қарлы қысымнан зардап шегуде.

Экологтар мұздықтардың еруін тудыратын орташа жылдық температураның жоғарылауын және әлемдік мұхит деңгейінің жоғарылауын қамтитын климаттың жаһандық өзгеруі туралы айтады. Жылынудан басқа,

сондай-ақ жауын-шашынның түсу режимінің өзгеруіне, температуралық ауытқуларға және дауыл, су тасқыны және құрғақшылық сияқты экстремалды құбылыстардың жиілігінің артуына алып келетін барлық табиғи жүйелердің теңгерімі орын алады.

Климаттың өзгеруі негізгі себебі адамның іс-әрекеті. Қазіргі кезде жаһандық жылыну үрдісі білініп жатыр. Климаттың өзгеруі қоршаған ортаға теріс әсерінен атмосфераның ластануы, мұздардың еруі, мұхиттың көтерілуі, жағалаудағы қалалар, елді мекендер су астында қалады деген қауіп айтылуда. Оған әсер етуші антропогендік және табиғи факторлар. Ауа-райының күнделікті өзгерісі зиянды технологияларының атмосфераға әсерінен анықталады. Ауа-райының жылынуынан келесі өзгерістер туындауы мүмкін деген болжамдар бар:

- ✓ Антарктида мен Гренландияның мұздықтарының еруі.
- ✓ Мұздықтар еруі барысында дүниежүзілік мұхит деңгейі 2300 жылдары 2,5 м. жоғарылауы мүмкін,
- ✓ Мұздықтардың еруі барысында пайда болған тұщы су мөлшері
- ✓ Гольфстримнің жылу ағысын бұзып Еуропаның суытуына алып келеді.
- ✓ Арктика мұздықтарының еруі ақ аюдың өліміне алып келуі мүмкін.
- ✓ Ормандарға, көлдерге, қала инфраструктурасына кері әсерін тигізеді.
- ✓ Дауылдар, су тасқындары жиілігі өседі.
- ✓ Азық-түлікпен қамтамасыз ету нашарлайды.

### **Кейспен жұмыс істеу кезеңдері**

- «Климаттың өзгеруі»
- «Климаттың өзгеруі қалай әсер етеді?» мәтіндерді оқып, талқылау:

1. Мәтіндерде қандай проблемар сөз болып отыр?
2. Жауап беруге қиналсаңыз, оқулық мәтінін, атластарды, карталарды және басқа да ақпарат көздерін пайдалана аласыз.
3. Бірнеше мәселе болуы мүмкін. Себеп-салдарлық байланыстарды ажырату маңызды.
4. Проблеманы шешуді іздеу – бұл жағдайда іс-әрекеттің әр түрлі тәсілдерін әзірлеу - балама
5. Әрқайсысының оң және теріс салдарын, сондай-ақ оларды жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарды талдауға негізделген ең жақсы шешім (балама) таңдау.
6. Топ шешімін ұсынуды әр түрлі формада дайындау. (презентация, схема, кесте, және т. б.)
7. Аналитикалық жұмыс нәтижелерінің қорытынды презентациясы (оқушылар бір проблеманы шешудің бірнеше нұсқаларын біле алады және салыстыра алады)
8. Топ шешімін ұсынуды түрлі нысандарда дайындау.

## **Мұғалімге арналған нұсқаулық**

№1 мәселе: Ғаламдық жылыну;

№2 мәселе: Адамзаттың ауырушаңдылығының өсуі (2-ші мәселе 1 мәселеден туындайды)

Мәселенің көрінісі: Инфекцияның таралуы. Климаттың өзгеруі көптеген жұқпалы және паразиттік аурулардың дамуына ықпал етеді.

Мұздың еруі. Метан газы мұздатылған жыныстардың қалыңдығында сақталады. Бұл СО<sub>2</sub>-ге қарағанда парниктік әсердің салыстырмалы түрде үлкен әсерін тудырады. Егер метан мәңгі мұздың еруі кезінде атмосфераға шығарылса, климаттың өзгеруі қалпына келмейді. Планета тек тарақандар мен бактериялар үшін қолайлы болады.

Табиғи құбылыстар. Климаттың өзгеруінің салдарының бірі ғалымдар ауа райының табиғи құбылыстарының, мысалы, су тасқыны, дауыл, тайфун, дауыл сияқты санының көбеюін санайды. Кейбір аймақтарда құрғақшылықтың жиілігі, қарқындылығы мен ұзақтығының артуы ормандардағы өрт қаупінің жоғарылауына, құрғақшылық аймақтары мен шөлді жерлердің айтарлықтай кеңеюіне әкеледі.

Теңіз деңгейінің көтерілуі. Солтүстік теңіздерде мұздықтардың саны азаяды (мысалы, Гренландияда), бұл Дүниежүзілік мұхит деңгейінің көтерілуіне әкеледі. Содан кейін теңіз деңгейінен төмен су жағалауы аумақтары пайда болады.

Экономикалық салдары. Климаттың өзгеруіне байланысты шығындар температураның жоғарылауына байланысты. Қатты дауылдар мен су тасқыны миллиардтаған доллар шығынға әкеледі. Ауа-райының қолайсыздығы төтенше қаржылық қиындықтар туғызады. Биологиялық әртүрліліктің жоғалуы және экожүйелердің жойылуы. 2050 жылға қарай адамзат орташа температура 1,1-6,4 градусқа көтерілген жағдайда жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің 30 пайызын жоғалту қаупі бар. Мұндай құрып кету шөлейттену, орманды кесу және мұхит суының жылынуы салдарынан тіршілік ету ортасының жоғалуына, сондай-ақ климаттың өзгеруіне бейімделе алмауына байланысты болады.

### **Мәселені шешу жолдары:**

1. Тұрғын үйлерді салуда климаттық жағдайларды ескеру;
2. «Парниктік» газдардың атмосфераға түсуін төмендету;
3. Адам генотипіне ауруға иммунитетті қамтамасыз ететін гендерді енгізу;
4. Қоғам өмірінің жаңа жағдайларға бейімделуі.

**Қорытынды кезең:** Оқушылардың шығармашылық жұмыстарымен таныстыру.

**Рефлексия:** мұғалімнің сөздерін жалпылау - жағдаяттарды талдау; мұғалімнің оқушыларды бағалауы.

## 8 сынып

**Тақырыбы: «Құрылық суының экологиялық мәселелері»**

**Оқу мақсаты:** 8.3.3.6 - жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде құрлық суларының экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады

### **Кейс «Елімізде ауыз суының азаю себебі»**

*Мәтінмен жұмыс:* Республикамызда бүгінгі күні 2174 үлкенді-кішілі өзеннен жылына 120 миллиард текше метр су ағады. Бұлар суын 65 оңаша алқаптарға құйып жатады. Мұның ішінде Ертіс, Сырдария, Жайық т.б.

Республика халқының жан басына шақсақ, күніне әр адамға 20 литрден келеді. Бұл өте көп мөлшер. Алайда осының бәрі қолда болғанда республикада су мәселесі бүгінгідей алаңдатпас еді. Өйткені дүние жүзінде суға ең бай деген Нью-Йорк қаласының әр тұрғынына бір тәулікте келетін судан үш еседен де асады екен. Ал, көріп жүргеніміз кері құбылыс, себебі, даламыз шөлейт аймаққа жатады. Халқымыздың жан басына тәулігіне 100—120 литрден артық су келмейді (бір техника мұқтажына, тұрмыс қажетін өтеуге, егістікті суландыруға, қалаларды көгалдандыруға және ішуге арналған судың бәрі осы санның ішінде).

Республика далаларын су мұқтаждығынан құтқару мақсатында айтарлықтай жұмыстар істелді. Қазақстан картасына сыйымдылығы миллиардтаған текше метр су жиналатын және ГЭС-і бар Шардара, Қапшағай су тораптары, Сырдария бойында Қазалы торабы, Бөген, Бадам, Тасөткел қоймалары мен Ертіс-Қарағанды каналы пайдалануға беріліп, жүздеген мың гектардан астам қолдан суарылатын жер игерілді. Ол жерлерде пайда болған мыңдаған жаңа шаруашылықтар қыруар пайда беріп отыр. Алайда мұның бәрі ірі су айдындарының күннен-күнге тартылуына себепші болып отыр.

Сондықтан жерді суландыру мәселесін қоймалар жасау арқылы шеше отырып, су қорын қорғауды да естен шығаруға болмайды. Каспий, Арал, Балқаш сияқты табиғи айдындарды да жоғалтып алмау керек. Алайда жер асты суын көп пайдаланатын жерлерде бос воронкалар пайда болып, оларға бактериялар, кейбір химиялық элементтер еніп кететіндігі анықталды. Бұл табиғат қорғаудың ережелерін бұлжытпай сақтауды талап етеді. Су қорына аса қауіп-қатер туғызатындар: мұнай, пестицидтер, түсті металдардың, күрделі химиялық қосылыстары. Әсіресе, оның құрамында әртүрлі зиянды заттар көп.

Өнеркәсіптік өндіріс орындарымен қатар ауыл шаруашылығы өндіріс орындарының су қорына тигізетін әсері де молшылық. Ал лас суларды ауыл шаруашылығына пайдаланудың зияны өте көп. Мысалы, ауыл шаруашылығы дақылдарын ластаған сулармен суару, біріншіден олардың шығымдылығы өте төмен, ал екіншіден адам денсаулығына қауіпті болады. Сонымен қатар

топырақтың тұздылығы көтеріледі, топыраққа биохимиялық процестердің жүруі төмендейді. Сулардың ластануы әсіресе балық қорына тікелей зиян келтіреді

Мұның мынадай себептері бар. Картаға қарасақ ұлаң-ғайыр қазақ даласының оңтүстік-шығысы, батысы таумен қоршалып жатыр. Ол жақтардан ылғалды ауа өтпейді. Республиканың солтүстігі ғана ашық. Көкшетау облысынан басталатын мидай жазықтың бір шеті Мұзды мұхитқа барып бірақ тіреледі. Ол мұхиттан шығып қазақ даласына үш-ақ күнде жететін ауаның ылғалы аз. Басқа жақтардан там-тұмдап келетін ауа да ылғалсыз. Ол жазда аңызға түрінде келіп оған күн қызуы қосылып, жердегі артық суды буландырып жібереді. Бұл республикамызда су қорының азаюының бір себебі. Екінші себебі республика жерінен өтетін негізгі өзендердің ішінде Ертіс, Есіл, Тобыл, Солтүстік мұзды мұхитқа кететіндігінде; үшінші себебі - Сырдария, Нұра, Тентек, Ақсу, Қаратал, техникалық мұқтажды, не ауызсулық мұқтажды өтей алмайтын Каспий, Арал, Балқаш, Қорғалжын сияқты тұзды айдындарға құйылып жатуында; төртінші және ең негізгі себептердің бірі - әлгі айтқан өзен суларының шаруашылық мақсатта көп бөгіліп, қайрылмастан жоқ болуында.

Осыдан келіп республикамыздың жылдық су қорын адам баласына шаққанда жиырма бөлігінің бір бөлігі ғана тиеді. Бүгінгі күні республикамызды сумен қамтамасыз етумен бірге Арал, Балқаш, Каспий сияқты ірі су айдындарын құрып кетуден сақтап қалу проблемасы тұр. Енді, соншама судың басым бөлігі қайда кетті? деген сұрақ туады..

*Кейспен жұмыс жүргізу этаптары:*

1. Мәтінді талқылау
2. Жалпы қандай проблема туралы айтылып жатыр
3. Сіздерде қиындық туындаса қосымша мәліметтер мен карталарды пайдалануға болады
3. Осы проблемаларды шешудің қандай жолдарың ұсынасындар.
4. Қазақстандағы ауыз суын жақсарту үшін жасалған су қоймаларын атлас картадан табу және кескін каратаға түсіру
5. Су қоймаларын салудың тиімді және тиімсіз жақтарына өз көзқарастарыңды білдіру
6. Құрлық суының ластану деңгейін төмендету бойынша барынша кеңінен таралған жаңа техникалогиялық инновациялық шешімдердің топтамасын ұсыныңдар.

**Мұғалімге арналған нұсқаулық**

### **№1 мәселе**

Қазақстанның өзең суларының ауылдық елді мекендерге жетпеу және өндіріс орындарының қалдықтардың төгілуі

## №2 мәселе

Жаңа технологиялардың жетіспеуі жаңару жолдарын қолға алу жан жақты қаралу керек

Су ластануының алдың- алу:

1) Шаруашылық және ауыз су ретінде пайдаланатын су тоғандарына құятын ағындардағы суды былғаушы зиянды заттардың шептік мөлшері арнайы ережемен белгіленген және онда зиянды заттар тізімінде 400- ден аса атау тіркелген.

2) Өндірістік мақсатта пайдаланылатын судың өзі жұмыс істеушілерге зиянсыз, құрал-жабдықтардың жемірілуін, олардың түбіне тұз тұруын туғызбайтындар және өнім сапасына кері әсер етпейтіндей болуы тиіс. ауыл шаруашылығы алқаптарын суғаруға жұмсалатын су өсімдікке зиянсыз және өнім, түсім мен топырақ сапасын нашарлатпайтын болуы тиіс.

3) Су қоймалары да әр түрлі мақсатта қолданылатындықтан, оларды былғанудан сақтау шараларын негіздеу үшін зияндылық дегеннің, өзі не екені, оның қандай дәрежелері, белгісі бар екенін анықтап алу керек болады.

«Жерүсті суларын төгін сулармен былғанудан сақтау ережелері» бойынша судың былғану белгісіне оның дәм арқылы білінетін қасиеттерінің өзгеруі құрамында адамға, жан-жануарларға, құсқа, балыққа, жемдік және кәсіптік ағзалар зиянды заттардың болуын жатқызады. Сондай-ақ су ағзаларының қалыпты өмір сүру жағдайын күрт өзгертуі мүмкіндіктен, судың қызуыда қалыпты өмір сүру жағдайын күрт өзгертуі мүмкіндіктен судың қызуыда бақылауда болуы тиіс.

Соңғы жайт бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымының нұсқауында да арнайы көрсетіледі, онда «егер су, оның құрамын немесе түбінің бедерін өзгерту салдарынан су пайдаланудың кез келген түрінің бірі үшін жарамсыздық танытса, оны былғанған деп есептеу керек» деп жариялаған. Су сапасына қатысты жасалған «Тазалық ережесі және жерүсті суларын былғанудан сақтау ережесінің су бөгендерін, олардың тазалық дәрежесіне қарай екі топқа бөледі.

Бірінші топқа ауызсу және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы су бөгендерін, (олардың ) екінші топқа балық шаруашылығы мақсатындағы су тағамдары жатады. Ереже бойынша су бөгендеріндегі қалқып жүрген ермелер мен жүзгіндер мөлшері, судың иесі, дәмі, түсі, қызуы, РН мәні, құрамы және ондағы минералдық ермелердің, суда еріген оттектің қойырлығы, судың оттекке деген биологиялық сұранысы, улы және зиянды заттар мен ауру таратқаш бактериялардың құрамы мен шектік жіберімдік қойырлығы назарда ұсталып, тексерілуі тиіс. Төгін су мөлшері, соның ішінде құрамында зиянды органикалық қосылыстар бар төгін су мөлшері жылдан-жылға артып келеді.

Сондықтан оларды тазартуға қоса басқа кешенді шаралар жүйесін қолдану қажеттігі туады. Мысалы: сұйық қалдықтарды сол өндірістің өзінде қандай да іске жарату, су пайдалануды азайт, өндіріс ішінде су айналымын қалыптастыру, яғни суды қата пайдалану, сусыз технологияларға көшу жолдарын ойластыру қажет.

*Судың ластануына жол бермеу:*

Тіршілік аясының су әлемін былғанудан сақтауды қамтамасыз етудің кешенді шараларына төмендегідей әрекеттер кіреді:

Суы аз немесе қалдықсыз, оқшауланған суайналымдық және аралық тазалау немесе суды салқындатып, қайтадан іске жарату жүйесі бар технологияларға көшу.

Бұрынғы кеңес одағындағы барлық өнірістік кәсіпорындарды сумен қамтамасыз ету үшін табиғи су көздерінен жылына 100 млрд. текше метрге жуық су алынатын және оның әртүрлі дәрежеде былғанған 90 %-ы айналып келіп су қоймаларына қайтарылатын.

Қалдық көлемін азайтып, сусызданған қалдықты немесе былғауыштардың қойырланған ерітіндісін жер қойнына көму технологиясын жетілдіру.

Өндіріс және тұрмыс қалдықтарымен былғанған суларды тазалау әдістерін жетілдіру.

Өсімдіктерді аурудан және түрлі зиянкестерден, егістіктерді арам шөптерден қорғауды қамтамасыз етуші биологиялық және басқа да арготехникалық шаралардың пәрменділігі мен қолданыс аясын кеңейте отырып, ауыл шаруашылығын өндірісі мен орман шаруашылығын шектен тыс химияландыруға тоқтау салу.

***Рефлексия:*** оқушылармен кері байланыс

## 8 сынып

**Тақырыбы:** Адамзат әрекетінің атмосфераға тигізетін кері әсері

**Оқу мақсаты:** 8.3.2.6 – адамзат әрекетінің атмосфера мен климатқа тигізетін кері әсерін топтастырып, шешу жолдарың ұсынады

### Кейс «Ғаламдық деңгейде атмосфераның ластануы»

*Мәтінмен жұмыс:* Атмосфера Жер бетіндегі тіршіліктің пайда болуы мен дамуының маңызды шарты. Атмосфера - Жерді қоршаған газ ортасы. Атмосфера Жердің бетін метеориттердің түсуінен қорғайды. Атмосфера мен Жер бетінің арасында үнемі жылу, ылғал және газ алмасу жүріп тұрады, атмосфералық қысым өзгереді, ауа айналымы қозғалысқа түседі. Бірақ соңғы кезде атмосфералық ауаның ластануы да ғаламдық деңгейге көтерілді. Ал антропогендік іс-әрекеттер арқылы ластану табиғи тепе-теңдікті бұзып қана қоймай, кейбір түрлерінің жойылуына себепші болды.

Климат адам өмірінде маңызды рөл атқарады. Климат - адамның еркіндігіне бағына бермейтін ерекше құбылыс. Бірақ ХХ ғасырдың аяғында адам өзінің іс-әрекетімен атмосфераға, сонымен қатар климатқа елеулі әсер ете бастады. Бәріне белгілі, бірқатар газдар –  $\text{CO}_2$ , бу, метан, фреондар, озон және т.б. жылулық әсерді тудырады. Ғалымдық ашылудың басты себебі-атмосферада жылулық газдарының, ең алдымен  $\text{CO}_2$  көбеюі. Жылулық әсерге  $\text{CO}_2$  үлкен «үлес» қосады.

Ауыл шаруашылығында азот тыңайтқыштарын қолдану мен органикалық жану үдерістері азот қышқылдығының атмосферадағы концентрациясын арттырды. Ауадағы азот қышқылының саны жылына 0,3%-ға артуда. Фреон концентрациясының артуы климатқа едәуір ықпал етеді.

Келесі жылулық әсерді тудыратын газдың бірі – метан  $\text{CH}_4$  (батпақ газ). Метан инфрақызыл сәулелерді тиімді жұтады, бірақ оның көлемі көміртегінің қос тотығына қарағанда төмен. Дегенмен, соңғы жылдарда оның жылдық өсуі байқалуда. Метан көлемінің артуы жер шарындағы халық санының артуымен тікелей байланысты. ХХІ ғасырдың ортасында  $\text{CH}_4$  концентрациясының екі есе өсуі болжамдалған.

Ауаның ластануы ғимараттар мен құрылыс алаңдарында да зиян келтіреді, осының салдарынан ғимараттар мен құрылыс алаңдарына зиян келтіреді, осының салдарынан ғимараттарда жарықтар пайда болып, материалдардың тозуы байқалды. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі агенттіктің мәліметтері бойынша, 2008 жылдың басында АҚШ-тың 45 қаласындағы барлық ғимараттар мен құрылыстарға келген шығын 600 млн долларды құраған. Атмосфералық ауаның ластануынан Италия, Греция, Египеттің тарихи ескерткіштеріне қауіп төнуде.



Ғалымдық жылыну құрлықтағы мұздықтардың еру салдарынан мұхиттың жоғарғы қабатындағы су көлемінің 50-65см көтерілуіне себепші болуда. Әлемдік мұхит деңгейінің артуы ғалымдық апатты жағдай деп есептелінеді. Себебі, теңіз және мұхит жағалаулары мен оған жақын аймақтарда тұратын халық саны 50%-ға дейін артуда. Әлемдік мұхиттағы су деңгейінің көтерілуі оған жақын орналасқан мемлекеттерге қауіп төндіріп қана қоймай, жер өнімділігінің кейбір қала, аудандардың еу астында қалып қоюына, миллиондаған адамдардың өз елді мекендерін тастап көшіп кетуіне себепші болып отыр.

Атмосфера адамдық іс-әрекеттер барысында жылынады, бұл жылыну үдерісі апатты салдарды туындататын басқа да үдерістердің пайда болуына алып келеді. Сондықтан, ғаламдық жылынумен күресі маңызды мәселе болып табылады.

<https://malimetter.kz/atmosferalyk-aua-men-klimattyk-resurstardy-korgau/>

### **Кейспен жұмыс жүргізу этаптары:**

1. Мәтінді талқылау
2. Қандай проблема туралы айтылып жатыр
3. Мәтін бойынша атмосфера мен климатқа әсер ететін себептерді топтастыру
4. Осы проблемаларды шешудің қандай жолдарын ұсыныңыздар
5. Қазақстандағы атмосфераны жақсарту үшін жасалып жатқан іс-шараларды атаңыз
6. Атмосфераны ластаушы көздерді анықтау
7. Ауаны ласту көздерін анықтау арқылы оны шешудің қазіргі кездегі атқарылып жатқан шешімдерді айту
8. Дүниежүзі бойынша атмосфераны ластанудан сақтау үшін қолданып жатқан заңдарды талдау
9. «Мен эколог болсам...» эссе жазу

### **Мұғалімге арналған нұсқаулық**

1. Атмосфералық ауаның құрамы мен құрлысының антропогендік өзгеріске ұшырауы; ландшафттардың барлық табиғи компоненттеріне, атап айтқанда, жергілікті климатқа, жер беті мен жерасты суларына, торыпақ және өсімдік қабатына күшті әсер етеді;

2. Адамзат тіршілігіне төніп тұрған экологиялық апатқа қарсы тұру үшін жаппай экологиялық білім қажет;

3. Экономикалық-өндірілген шикізат пен оның өндірістік өнімдерін қайта өңдеу және пайдалану компоненттерді жоғалтудың алдын алу;

4. Адамдардың денсаулығы үшін ауаның қалыпты құрамын сақтау;

5. Зиянды заттардың тарауын қысқарту үшін кешенді шаралар қолдану: өндіріс үрдісінің технологиясын жаңарту;

6. Аз қалдықсыз технологияны енгізу, газ тарту және шаң-газ тарату конструкциялардың жолдарын жаңарту, жаңа транспорттық жүргізішілерді құрастыру;

7. Экологиялық бақылауды күшейту қоршаған атмосфералық ауаның ластануын азайтып, қоршаған ортаны сақтауға мүмкіндік береді;

8. Атмосфералық ауаға химиялық және биологиялық ластаушыларды шығаратын, сонымен қатар, физикалық ластаушылардың көзі болып табылатын мекемелер мен ұйымдардың жұмысы да реттеп отыру;

9. Қазіргі уақытта, отынды энергетиканы күннің, теңіздің, желдің энергиясын және геотермальды энергияны пайдаланатын отынсыз энергияға алмастыру керек. Су тектің негізіндегі синтетикалық отындар. газ, спирт сияқты отындардың басқа түрлерін пайдалану арқылы автокөліктерден шығатын газдарды азайтудың бірден бір жолы болып табылады.

**№1 мәселе:** Атмосфераның ластануы ғаламдық деңгейде өндіріс орындарымен бей-беркет табиғатты шаруашылыққа пайдалану нәтижесінде өзгеріске ұшырауы;

**№2 мәселе:** Атмосфера мен климаттың өзгеруі адам денсаулығына тигізіп жатқан кері салдары;

Атмосфераның ластануының алдын- алуы.

**Рефлексия:** оқушылармен кері байланыс

## **«КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ БИЗНЕС НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІ БОЙЫНША КЕЙС ҮЛГІЛЕРІ**

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқулығының авторлары:  
кәсіпкер Дуйсенханов Ермек Серікбайұлы,  
«Атамекен» ҚР ҰКП бизнес – тренері  
Жұлдызбаев Нұғман Есболғанұлының  
тәжірибесінен

10 сынып

### **«ТАРИХИ» КЕЙСІ**

#### **Сабақтың мақсаты:**

- Тарихи кәсіпкерліктің ерекшеліктері туралы білу.
- Қазіргі және тарихи кәсіпкерлікті салыстыру.

Бизнес пен кәсіпкерлік ұғымдары ХІХ және ХХ ғасырлардың тоғысында зерттеле бастады. Алайда, бұл бұған дейін бизнесмендер болған жоқ дегенді білдірмейді, тек олардың қызметі теориялар мен әдіснамалар шеңберінде ғылыми тұрғыда зерттелмеген еді. Бұған көз жеткізу үшін бизнес туралы қазіргі заманғы көзқарас тұрғысынан Қазақстанның тарихи кәсіпкерлерімен танысайық.

Бірінші оқиға - Ұлы Жібек жолының дамуының шарықтау кезеңінде ХІХ ғасырда өмір сүрген Ахмет атты бала туралы болмақ. Ахмет атақты керуенбасы (керуенді басқаратын) Байсақал би отбасында дүниеге келген. Оның бабасы Өтетілеу, атасы Тілеке, содан кейін әкесі Байсақал би Тілекеұлы (1780-1850 жж.) Жаппас руынан шыққан ХVІІІ-ХІХ ғ. кезеңіндегі Қазақстан аумағындағы атақты керуенбасылар болды: олардың Троицкіден Бұхараға дейінгі жолда және одан әрі Ұлы Жібек жолы бойында керуендерді басқаруға құқық беретін өз мөрлері болды. Ахмет балалық шақтан әкесіне көмектесті: ол түйе мен атқа мініп, болашақта ұлы саяхатшы болуды армандай жүріп, әкесімен бірге саяхаттауды жақсы көретін.

Ахмет әкесінен кәсіпкерлік пен сауданың алғашқы дағдыларын үйренді. Ол керуен саудасын сауатты жүргізетін, керуен жүретін жерерді жақсы танитын және логистиканы жақсы меңгерген еді. Олардың жайлауы Тобыл және Торғай өзендерінің сағаларында болды. Аман қалып және сәтті сауда жасау үшін, өз тауарларын белгіленген жерлерге дейін жеткізу үшін керуенбасы логистиканы жақсы білуі тиіс еді. Байсақал би мен Ахмет керуендері қазақ жеріне белгілі тексерілген бағыттар бойынша: өзен сағасының бойымен, көлдердің жағалауларымен, құдықтар жүйесі бар жолдармен жүрді. Орташа алғанда күн сайын мұндай керуен 25-30 км жүріп өтетін.

Дала логистикасы көптеген факторларды ескеруі тиіс: түйелер үшін барынша жеңіл және ыңғайлы жолды таңдау, бұл жолда су көздері бар екеніне көз жеткізу, дауыл жағдайында паналау орындарын қарастыру қажет болды. Ол шөл далада және сусыз жерлерде адасып кетпеу үшін жергілікті жерлердің ерекшеліктерін «танып» үйренуі тиіс болатын. Жас Ахмет, әкесінің көмекшісі бола отырып, ержүрек, епті, жігерлі және шыдамды дала капитаны бола алды. Логистика мәселелерінен басқа, керуенбасының алдында басқа да міндеттер тұрды. Ол өзінің «компаниясын» - жүкті қажетті орнына дейін жеткізетін сауда керуенін басқара білетін жақсы менеджер болуы тиіс еді.

Керуенбасы сауда керуендерінің иелері — саудагерлер мен көпестерге жалданды. Саудагерлердің сауда керуендері шығыс кілемдерін, Бұхара ыдыстарын, жібек, түйе жүнінен жасалған шекпендерді, киім-кешектерді, азық-түлікті, шығыс тәттілерін, мал және басқа да тауарларды алып жүрді. Қазақ керуенбасының Бұхар хандығындағы керуенбасынан негізгі айырмашылығы Бұхар хандығында керуенбасын хан тағайындаса, қазақтарда біліктілігі жоғары кез келген адам керуенбасы болуы мүмкін еді. Сондықтан да қазақ керуенбасыларының арасында Байсақал би және Ахмет сияқты бай бақуатты адамдар да, жайылым мен қыстаққа қоныс аударудың жолдарын жақсы білетін қарапайым малшылар да болды. Керуенбасы керуендермен бірге жүретін көп адамдарды басқара білуі, қиындықтарды жеңу кезінде оларды ынталандыруы, туындаған дауларды реттей білуі, керуен жолында тұрған барлық мәселелер үшін жауапкершілікті өз мойнына алуы тиіс еді.

Керуенбасы Байсақал би мен Ахмет қаржы мәселелерін жақсы түсінді, себебі олар керуен иесінің жергілікті халықпен және басқа аумақтардағы халықпен сауда жасау кезінде делдал болған. Олар халықтың сатып алу қабілетіне сәйкес келетін, барлық шығындарды жабатын және саудагерлерге де, керуенбасының өзіне де пайда әкелетін тауарларға баға белгілеу үшін таза құн (барлық келіп түскен ақша ағыны мен шығындары арасындағы айырмашылықты білдіретін ақша қаражаты), шығындар, ресурстардың құны (қызметкерлердің жалақысы, жануарларды, малды ұстауға арналған шығыстар және т. б.), пайда және т. б. сияқты ұғымдарды білуі тиіс еді.

Жергілікті «салық салушылармен» келіссөздер де керуенбасы арқылы жүргізілетін. Жақсы керуенбасы кеден бекеттеріндегі келіссөздерге қатысып, өз керуеніне кедендік баж салығын жеңілдетуге көмектесе алды, өйткені ол сол мемлекеттің тілін, коммуникация және сауда жүргізу ерекшеліктерін жақсы білген. Сондықтан керуенбасы керуеннің «GR-менеджері» (өзара іс-қимылды ұйымдастыруға, мемлекеттік билік органдары мен қоғамдық ұйымдарда өз компаниясының мүдделерін ілгерілету мен қорғауға жауапты маман) болды. Өзінің қиын жұмысында керуенбасыға кіреші (түйе ұстаушылары) көмек көрсететін болған.

Дала мемлекеттері сауда жолдарындағы демалыс үйлерін - керуен-сарайлардың қызметін Ұлы Жібек жолының саудагерлеріне пайдалануға беретін. Керуен тоқтаған барлық керуен-сарайларда Ахметтің әкесін, керуенбасы Байсақал биді жақсы танитын және зор құрметпен қарсы алатын. Керуен-сарайлар керуеншілер мен түйелердің демалуына және тамақтануына

арналған керуендерге қызмет көрсететін орын ғана емес, сонымен қатар тауарға сұраныс пен оның нарықтық бағасын анықтау үшін «биржа» қызметін де атқарған болатын. Сондай-ақ көптеген керуен-сарайларда саудагерлер салық төлейтін кеден және баж орталықтары болған.

Қазақстан аумағындағы ірі керуен сарайлары Отырар, Сауран, Құлан, Түркістан, Тараз, Бұқтырма, Қазалы сияқты қалаларда болған.

Уақыт өте келе Ахмет өзінің әкесін алмастырып, дербес керуенбасы және Жаппас руының биі болатын кез де келді. 1839 жылы Байсақал билеушісі өзінің ұлы Ахметке билеуші және керуенбасы мөрін тапсырады. Сол кезде Ахмет бидің бірнеше жүздеген түйесі және 700-ге жуық жылқысы болды. Енді Ахмет өз заманының толыққанды «бизнесмені» атанды: керуен иесі, логист, басқарушы, HR- және GR-менеджер, бизнес-аналитик және қаржыгер бола білді. Ахмет беделді және өте қанағатшыл, кедей, мұқтаж адамдарға көмек бергісі келіп тұратын басқарушы болған. 1843 жылы Ахмет Байсақалұлы 43 қашықтықты (дистанцияны) басқарды және Зауряд-Хорунжиі (офицер міндетін атқарушы, бірақ әскери шендерге құқығы жоқ тұлға; шен жауынгерлік үлес қосқаны үшін берілді) атағын алды. Сонымен қатар Хиуа экспедициясына түйемен көмектескені үшін күміс медальмен марапатталады.

### **1-тапсырма**

*Саудагерлердің қандай елдермен және немен сауда жасағаны туралы ойланыңыздар. Ол үшін ежелгі Қазақстанда қандай ресурстар және не үшін дәл сол ресурстар болуы керек екенін бағалаңыздар.*

### **2-тапсырма**

*Ұлы далада табысты сауда жасау үшін керуенбасында қандай құзірет пен білім болуы керек екенін айтыңыздар.*

### **3-тапсырма**

*Даланың кәсіпкерлік ортасы туралы қандай қорытынды жасай аласыздар?*

## **«Баймұхамбет Қосшығұлов Қазақстандағы бірінші кондитер» кейсі**

XIX ғасырдағы Қазақстандағы бизнес-қызмет Ұлы Жібек жолымен ғана шектелмеген. Дала логистикасынан басқа қазақстандық кәсіпкерлердің табыстары мен қиындықтарын көрсететін басқа да қызмет салалары болды.

Енді табысты кәсіпкер, өте дәмді тәттілер шығарғаны үшін фабрикасы Ресей Империясының құрметті атағына ие болған Қазақстанның алғашқы кондитері Баймұхамбет Қосшығұловтың табыс тарихымен танысамыз.

1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі жылдары Ақмола (қазіргі Нұр-Сұлтан) өзінің ыңғайлы орналасуының арқасында сауда орталығына айналды - қала Петропавл-Ташкент-Қашғар керуен жолының түйіскен жерінде тұрды. Мұнда күзде және көктемде ірі жәрменкелер өтетін, ал 1890 жылы қаланың орталық алаңында - бір қабатты тастан қаланған дүкендердің екі корпусы пайда болды.

Баймұхамбет Қосшығұловты татар көпесі асырап алып, оқытқан жетім бала болды. Оқуды аяқтаған соң, ол өз бизнесін ресейлік және орта азиялық нарықтарға жеткізілетін ұн диірменінен бастады: сол кезде Ақмола ұны

Еуразияда үздік деп саналды. Ұн сияқты ресурсқа ие бола отырып, ол уақыт өте келе 1895 жылы кондитерлік фабрика салды. Оның табысы жақсы болып, Баймұхамбет көпес Ақмолада үш кондитерлік дүкенін ашты.

«Қосшығұлов пен оның ұлдары» кондитерлік фабрикасының пірәндіктері Қазақстанда танымал болды. Пірәндіктен бөлек, фабрикада печенье, кептірілген нан, зефир және халуа, шоколад және кәмпиттер шығарылатын. Уақыт өте келе, Ресей мен Қытайға кондитерлік өнімдерді жеткізу ұйымдастырылды. 1915 жылы 1-ші гильдияның көпесі (яғни ірі бизнесмен, өйткені гильдиялар көпес капиталының мөлшеріне сәйкес бөлінді; 1-ші гильдия капиталдың ең жоғары мөлшерін білдірді) Баймұхамбет Қосшығұлов «Ұлы мәртебелі Император сарайының жеткізушісі» атағын алды.

Баймұхамбет Қосшығұлов мұнымен тоқтап қалған жоқ. Халықаралық сауда туралы терең білімге, ішкі және сыртқы нарықтарда өз өнімдерін өндіру мен сатудың тиісті тәжірибесіне ие бола отырып, Баймұхамбет олардың әлеуеті мен халықтың қандай да бір тауарларға деген қажеттілігін сезінді. Сондықтан уақыт өте келе ол өз бизнесін кеңейтті және сол уақыт үшін жаңа сауда түрімен - керосин мен мұнайды сатумен айналысты.

Оның компаниясының тарихы туралы осындай қысқа мәліметтердің өзі Баймұхамбеттің ерекше бизнес-әлеуетін көрсетеді. Ол ұн өндірумен тоқтап қалса да болар еді - өйткені бизнес табысты болды және оған тұрақты табыс әкелді. Бірақ кәсіпкер дамудың жаңа жолын көріп, өз ресурстарын талдап, нарықтың бәсекесі мен әлеуетін бағалап, кондитерлік өнімдер өндірісін іске қосты. Ақмола жергілікті нарығының ресурстары таусылған кезде, Баймұхамбет өз бизнесін одан әрі дамыту тәсілін тапты - Ақмоланың тиімді сауда жағдайын және Ресей мен Қытай нарығына жақын орналасуының артықшылықтарын бағалай отырып, ол өз бұйымдарын шетелге жеткізуді ұйымдастыра алды.

Баймұхамбет бизнесі әрбір жаңа кезеңде табысты болды. Ол табысты диірменші, содан кейін жергілікті көпес, содан кейін халықаралық сауда жеткізушісі болды. Оны әр жолы тәуекелге бел буып, жаңа бизнес-шешімдерді іске асыруға не мәжбүр етті? Алдыңғы сабақтардың материалына сүйене отырып, Баймұхамбет тәуекелден қорықпаған және өз ісі үшін үнемі жақсарту жолдарын іздеген нағыз кәсіпкер, жаңашыл адам болған деп сеніммен айта аламыз.

Оның керосин мен мұнайды сату бойынша жаңа бизнеске кірісу фактісі, сондай-ақ тұтынушылардың қажеттіліктерінің өзгеруін болжай отырып, бір қадам алға ойлай білуі және осы жаңа қажеттіліктерді қанағаттандыруы оның кәсіпкерлік ойлау қабілетін көрсетеді.

Баймұхамбет Қосшығұлов сондай-ақ «әлеуметтік жауапкершілігі бар бизнесмен» болды. Ол өзіне пайда түсіріп қана қоймай, өзі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырып отырған қаланың инфрақұрылымын дамытуға да қаражат бөлді.

Осылайша, ол Әуезов және Иманов көшелерінің қиылысында орналасқан кірпіштен қаланған мешіт салды. Жергілікті тұрғындар оны «Тас мешіт» немесе «Қызыл мешіт» деп атаған. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қосшығұловтар

майданға гуманитарлық көмек жөнелтуді ұйымдастырған меценаттардың бірі болды.

Сіздермен бірге Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде Қазақстанда бизнес-кейспен таныстық. Өзіміз көргендей, кез келген уақытта және кез келген елде бизнесмендер өңір экономикасының дамуына жауап беретін қозғаушы күш екенін білдік және ол белгілі бір уақытта белгілі бір жерде «не», «қалай» және «кім үшін» өндіріледі деген сұрақтарға жауап береді. Бұл ретте, сол кезде де, қазір де қолда бар ресурстармен дұрыс жұмыс істей алатын кәсіпкерлердің табысқа жете алатынын білдік, өйткені ол түйелер мен дала қашықтығы немесе диірмен мен қалалық сауда қатарлары болсын, нарық қажеттілігін сезінеді, тәуекелге барудан қорықпайды, тәжірибеде жаңа шешімдерді тексереді, сондай-ақ ең басты капиталды - өзінің және өз қызметкерлерінің адами және зияткерлік ресурстарын дұрыс қолдана алады.

#### **4-тапсырма**

*Баймұхамбет Қосшығұлов не себепті өз бизнесін Ақмолада ашуға шешім қабылдады деп ойлайсыздар? Орналасқан жері оның дамуына қалай әсер етті? Оның табыстылығына әсер етті ме? Нарықта бизнесті оқшаулаудың маңыздылығы туралы қорытынды жасаңыздар.*

#### **Экономикалық құбылыс ретіндегі кәсіпкерлік**



1. *Баймұхамбет – диірменші*
2. *«Қосшығұлов және оның ұлдары» - Ұлы мәртебелі Император сарайының жеткізушісі*
3. *«Қосшығұлов және оның ұлдары» - халықаралық сауданың жеткізуші компаниясы*

#### **5-тапсырма**

*XIX ғасырдың бірінші ширегі мен XX ғасыр-дағы Қазақстанда бизнесті жүргізудің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы жалпы қорытынды жасаңыздар.*

#### **Мұғалімге арналған нұсқаулық**

Бизнес-кейстерді талқылау кезінде сіздің міндетіңіз — талқылау және өзара іс-қимыл жасау үшін 5 адамнан тұратын шағын топтар форматында ұйымдастыру. Кейстің мәселелерін шешудің ерекшелігін сұраңыз. Бұл

тапсырмада шешімнің вариативтілігі мен сабақ барысының бір қалыпты болмауына жол беріледі. Оқушыларда пікірталас ұйымдастыру үшін пайдаланатын қарамақарсы көзқарастар туындауы мүмкін. Әртүрлі көзқарасқа жол бере отырып, олардың пікірлеріне баға қоймайтыныңызды аңғартып, әрі олардың пікірлерін ашық айтқандары үшін алғыс айтып отыруыңыз маңызды. Бұл ретте оқушылар барлық алған ақпараттарын пайдалана отырып мәселеге қатысты өз ойларын қалыптастыру маңызды.

### **1-тапсырма**

*Саудагерлердің қандай елдермен және немен сауда жасағаны туралы ойланыңыздар. Ол үшін ежелгі Қазақстанда қандай ресурстар және не үшін дәл сол ресурстар болуы керек екенін бағалаңыздар.*

Саудагерлер халықаралық саудамен айналысып, көрші елдерге - Ресейге, Қытайға, солар арқылы Еуропаға ауылшаруашылық тауарларының, әсіресе мал және мал шаруашылығы өнімдерінің үлкен партиясын жеткізіп отырды.

### **2-тапсырма**

*Ұлы далада табысты сауда жасау үшін керуенбасында қандай құзірет пен білім болу керек екенін айтыңыздар.*

Керуенбасы сауда торабына ғана емес, бизнес-ойлауға да, халықаралық қатынастар, бизнес-коммуникация саласындағы күрделі білімге де ие болды, себебі оның табысты қызметіне мемлекеттің экономикасы мен қаржы саясаты ғана емес, сонымен қатар көрші мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруіне де байланысты болды.

### **3-тапсырма**

*Даланың кәсіпкерлік ортасы туралы қандай қорытынды жасай аласыздар?*

Оқушылардың жауаптары әр түрлі болуы мүмкін, бірақ ол жай ғана қарапайымдылыққа қарамастан, даланың кәсіпкерлік қызметі әртүрлі болды; бизнес өкілдерінің арасында күрделі өзара қарым-қатынастар болды; бизнес өндіріс, сауда (жергілікті және халықаралық), арбитраж, логистика, қызмет көрсету және т. б. сияқты қызмет салаларын қозғаған.

Оқушыларды қазіргі кездегі барлық бизнес-үдерістер мен анықтамалар Қазақстанда кәсіпкерлікті дамытудың тарихи кезеңіне де қолданылуы мүмкін деген ойға шақырыңыз.

### **4-тапсырма**

*Баймұхамбет Қосшығұлов не себепті өз бизнесін Ақмолада ашуға шешім қабылдады деп ойлайсыздар? Орналасқан жері оның дамуына қалай әсер етті? Оның табыстылығына әсер етті ме? Нарықта бизнесті оқшаулаудың маңыздылығы туралы қорытынды жасаңыздар.*

### **5-тапсырма**

*XIX ғасырдың бірінші ширегі мен XX ғасырдағы Қазақстанда бизнесті жүргізудің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы жалпы қорытынды жасаңыздар.*

4-5 тапсырманың жауаптарында оқушылар Қазақстанның сәтті халықаралық географиялық жағдайы туралы қорытынды жасауы тиіс, ол біздің



елімізге сауда-саттықтың әлемдік логистикалық тізбегінде маңызды рөл атқаруға әрдайым көмектескен және көмектесуді жалғастырып келеді. Бұл ойды растау ретінде сіз оқушыларға Қазақстанның халықаралық сауда және логистика саласындағы жаңа жобалары: «Бір белдеу – бір жол» бастамасы, Каспий теңізіндегі Құрық халықаралық теңіз портының құрылысы, Қорғас құрғақ портының құрылысы туралы айта аласыз (Бұл үшін қажетті барлық ақпаратты Интернеттен таба аласыз).

## **«ROCKET STUDY» КЕЙСІ**

### **Сабақтың мақсаты:**

- Кәсіпкерлік бастаманың табыстылығы мен идеяның ерекшелігі қалай байланысатынын түсіну.

Сонымен, сіз өз бизнесіңізді ашқыңыз келеді делік. Сізге ең бірінші: «Менде ақша жоқ қой! Мен өз ісімді қаржы және бизнес ережелерін білмей қалай аша аламын?» деген ой келеді. Бизнес пен экономиканы зерттейтін студенттер дәл осылай ойлайды. Олар бес жылын оқуға жұмсайды, содан кейін көп жоспарлайды, команда іздейді, рөлдерді бөледі, бастапқы капиталды жинайды. Мұндай тәсіл де тиімді. Бірақ қызметін өзге схема бойынша құратын тағы бір тәсіл бар, ол - lean startup (немесе «ұқыпты стартап»). Ол ерекше идеяны басшылыққа алады, қаржыны көп талап етпейтін шағын прототип жасайды, бұл схеманың жұмыс істейтінін әрі адамға қажеттілігін тексереді. Егер барлығы жұмыс істесе - керемет! Нені жақсартуға болатынын көреміз де, алынған нәтижелерді тұтынушыларда қайта тексереміз. Тағы да іске асты ма? Бұл идеяны да үдеріске енгізіп, жаңа нәрсе ойлап табуды, тексеру мен жетілдіруді жалғастырамыз! Табысты стартаптың құпиясы - ол дайындыққа уақыт кетірмей әрі қолайлы жағдайларды күтпей бірден әрекет ету. Ол өзі әрекет етіп, идеяларды тәжірибеде тексереді.

Біз кез келген бизнестің негізінде идея жататынын айтып өттік. Мұндай идея сұраныс пен ұсынысты талдау нәтижесінде ғана пайда болуы мүмкін. Нұр-Сұлтан қаласы мектебінің 11-сынып оқушысы Арслан Даримов АҚШ университеттерінің біріне грантқа түсуге шешім қабылдайды.

Грантқа түсу үшін ол ағылшын тілінен емтиханды жақсы тапсыруы керек болды. Нұр-Сұлтанда IELTS дайындығымен айналысатын мектептермен танысып, Арслан олардың ұсынатын қызметі қажеттілігіне сәйкес келмейтінін түсінді. Ол интернет арқылы оқулықтарға тапсырыс беріп, емтиханға өзі дайындала бастады. Дайындық кезінде қандай оқулықтардың пайдалы екенін, ал қандай оқулықтардың қажеті жоқ екенін өз тәжірибесінде тексеріп көрді.

Бұл оқулықтарды Нұр-Сұлтаннан сатып алу мүмкін емес еді. Бірақ оларға деген сұраныстың бар екеніне Арсланның көзі жетті. Сондықтан ол оқу орталықтарына барып, емтиханға дайындау үшін оқулықтарды сатып алуын

ұсынды. Оқулықтарын орталықтарға сатып, Арслан өзінің алғашқы капиталы болған 70 000 теңгені тапты. Бірақ ол онымен тоқтап қалған жоқ.

*Арслан одан да көп нәрсе қолынан келетінін - оқулықтарды сату ғана емес, басқаларға емтиханға дайындалуға көмектесе алатынын түсінді. Осылайша өзінің ағылшын тілін оқыту орталығын ашу туралы шешім қабылдады.*

### **1-тапсырма**

*Арсланның өз орталығын ашу үшін қандай ресурстары болғанын ойыңызға түсіріңіз*

Орталықты ашу үшін Арсланға мыналар қажет болды:

1. Сабақ өткізуге керекті барынша қарапайым жабдықталған кабинет - парталар, үстелдер, тақталар, компьютер мен принтер;
2. Орталығын көпшілікке танымал қылатын - жарнама. Ол тиімділігін дәлелдеген әдістеме бойынша сабақты өзі оқыта алды (Арслан емтиханын сәтті тапсырып, америкалық университетке грантқа түсті)

### **2-тапсырма**

*Қолда бар ресурстармен Арслан проблеманың (кабинет, жабдықтар, жарнама) шешімін қалай тапқанын елестетіп көріңіз.*

Арслан үлкен кабинет іздемеді, онда жөндеу жұмыстарын жасаған жоқ, оқытушыларды қажетсінбеді. Ол «ұқыпты стартап» әдісі бойынша әрекет етті: айына 40 000 теңгеге көлемі 10 шаршы метр бір кабинетті жалға алды, бұрын қолданылған ескі екі партаны, 4000 теңгеден 4 орындықты 2000 теңгеден сатып алды. Тақта, компьютер мен принтерді үйінен әкеліп, сабақты өзі бере бастады. Осылайша, ол 56 000 теңгеге сабақ өткізуге қажетті барлық нәрсеге ие болды.

Әрине, оқушылардың кең кеңсеге келіп, әдемі кабинетте оқығаны жақсы. Бірақ оларға ең қажеттісі ағылшын тілінде еркін сөйлеуге мүмкіндік беретін, сапалы әрі практикалық тіл білімі. Егер қажетті білімін алатын болса, олар риза болып, міндетті түрде қайта оралады әрі таныстарын осы жерде оқуға шақырады. Сондықтан прототип (бастапқы) кезеңде өз өніміңізді сынап алу қажет. Бұл жерде ол - ағылшын тілі сабақтары. Егер өнім (бизнес) сәтті болса, білім алушылар саны өсіп, капитал пайда болады, онда келесі қадам оқу ауқымын ұлғайту, ғимаратты жөндеу және т. б. болуы мүмкін.

Келесі қадам оқушыларды іздеу болды. Арслан өз принтерінен жарнама парақшаларын басып шығарып, оларды қала көшелеріне өзі тарата бастады.

*Парақшаларды тарату ұнай қоймаса да, «Қолайсыздық — уақытша, ал жеңіс мәңгі» деп, Арслан өзіне жігер беріп отырды.*

Осылайша, ол біршама студенттерді оқуға тарта білді. Оқыту басталды. Білім алушыларға Арсланның сабағы ұнады, өйткені қызықты өтті әрі тілді меңгеруі бірден байқала бастады.

### **3-тапсырма**

*Арслан осы кезеңде өз бизнесін дамытуды қалай жалғастырады, тағы не істеуі мүмкін?*

Жарты жыл өтті. Білім алушылардың қатары көбейе берді. Арслан кіріс пен клиенттеріне беретін пайдасы уақыт пен сынып сыйымдылығымен шектелетінін түсінді. Ол аптасына көп сабақ жүргізе алмады - оған уақыты жетпеді.

Осыдан соң кеңсені оннан қырық шаршы метрге ұлғайтты. Арслан өзінің әдістемесімен оқыта алатын оқытушыларды іздеуге кірісті. Оқытушыларды іздеу үшін ол Head Hunter сайты мен таныстарының ұсыныстарын қарады.

Rocket Study мектебі өсті. Енді онда жүздеген білім алушы оқып, 10 оқытушы жұмыс істей бастады.

Арслан басқа мектептермен салыстырғанда өзінің мектебі шешетін бірнеше мәселелерді тұжырымдады:

**1-мәселе.** Егер тілді үйренгісі келіп, курстарға жазылған оқушылардың жұмыс кестесі мөлшерленбеген болса, онда олар сабақтан жиі қалатын болады. Нәтижесінде олар басқалардан артта қалып, үлгермегендіктен курсты аяқтамай тастап кетеді.

**2-мәселе.** Емтиханға тез арада дайындалғысы келетін білім алушының тілдің теориясын оқып отыруына уақыты жоқ. Оларға практикалық шешім қажет.

**3-мәселе.** Әдетте білім алушыға қысқа уақыт ішінде жақсы нәтижеге жету қажет. Курстар көбіне ұзақ мерзімге созылады.

**4-мәселе.** Кейбір курста жаңа сөздерді құр жаттаумен айналысады. Одан оқушылардың іші пысып, қызығушылығы жоғалады.

### **4-тапсырма**

*Аталған төрт мәселе бойынша қандай шешім ұсына алатыңызды ойланып көріңіз.*

### **5-тапсырма**

*Арслан жетістікке қолы жеткен соң тоқтайды ма, қалай ойлайсыз? Ол қазіргі уақытта өз бизнесін кеңейтіп дамыту үшін не істеді?*

Енді Rocket Study келесі прототип кезеңіне өтті. Егер біріншісінде Арслан оқушыларды іздеуден бастап сабақ беруге дейін бәрін өзі істесе, екінші кезеңде оның басқа оқытушыларды тарту үшін, менеджерді жалдау үшін қосымша ресурстары пайда болды, олар келген қоңырауларға жауап беріп, клиенттерге кеңес бере бастады, сондай-ақ интернет пен әлеуметтік желі арқылы жаңа клиенттерді іздеумен әрі тартумен айналыса бастады.

Арслан қол жеткізген жетістігімен тоқтаса да болар еді. Бірақ ол өз өнімінің қаншалықты қажет екенін және оның мектебінде орын жетіспегендіктен оқи алмайтын адамдардың әлі де көп екенін түсінді.

Осыдан кейін Арслан тағы бір ғимаратты жалға алып, жаңа мектеп ашты. Өз бизнесін кеңейтуді жалғастырып, Арслан сұраныс пайда болған сайын жаңа мектептер ашып отырды. Қазір Нұр-Сұлтанда 3000-нан астам адам оқыған тоғыз Rocket Study мектебі жұмыс істейді. Жалпы мектептерде 20-дан астам оқытушы жұмыс істейді.

*Бизнес - тірі ағза секілді. Өсу тоқтаған кезде регресс болады. Егер тауға шыққанда бір орында тоқтап тұрсаңыз, жоғары көтерілмейсіз және бір орында тұра берсеңіз, сізді қуып жетіп, озып кететіндер болады.*

Тіпті қазірдің өзінде Арсланның өсуге мүмкіндігі бар. Ол Нұр-Сұлтанда 15 мектеп ашуды, содан кейін Rocket Study оқу орталығын басқа қалаларда, мысалы Алматы мен Қарағандыда іске қосуды жоспарлап отыр. Ол бір ай ішінде тіл оқыту мектебін ашу бойынша нұсқаулық әзірледі. Оны пайдалана отырып, кез келген адам өзінің бизнесін 4 апта ішінде аша алады. Соның нәтижесінде Rocket Study желісімен франшиза бойынша жұмыс істейтін мектептер пайда болды (яғни оларды Арслан емес, Rocket Study атауы мен моделін пайдаланған басқа бизнесмен (франчайзи) ашты, ал Арсланға өз мектебінің табысынан ай сайынғы пайыз (роялти) төлейді).

Сонымен қатар, Rocket Study орталығының оқу жоспары мен жұмыс әдістемесі жазылған өзінің ІТ-платформасын әзірлейді. Оқытушылар үшін өз дағдыларын үздіксіз жақсартуға мүмкіндік беретін жүйе жұмыс істейді.

Платформаның арқасында оқушылар өздерінің оқу жетістігін, сондай-ақ оқытушы статистикасын қадағалай алады. Сондай-ақ сабаққа қатысу абонементін енгізу жоспарланып отыр: оқушы 15-30 000 теңге төлеп, сабаққа қатысу жиілігін өзі реттей алады. Ол үшін бағдарламаға 25 минуттық воркшоптар енгізіледі, онда белгілі бір тақырып ашылатын болады. Осылайша, оқушылар алдыңғы сабақта қатысқан немесе қатыспағанына қарамастан бірден оқу үдерісіне кірісе алады әрі олар ұзақ сабақтардан шаршамайды. Оған қоса, олар өздері білетін сабаққа қатыспай, нақты өзіне қызықты деген тақырыптарына қатыса алады.

## **6-тапсырма**

*Rocket Study кейсінен қандай бизнес-сабақтар сіз алуға болады деп ойлайсыз? Арсланның жобасы Сізге ұнады ма? Неліктен?*

Rocket Study көрсеткен мысал бастапқы капиталсыз-ақ бизнес құруға болатынын, тек бір қаланың тұтынушыларының қажеттілігін шешіп қана қоймай, сондай-ақ масштабты даму әлеуеті барын көрсетеді.

Егер прототип бойынша бастаса, бизнесті бір адаммен ғана ашуға болады, өзін ақтаған соң бизнесті кеңейтуге болады.

Көбіне Rocket Study мектептері қаланың ең қолайсыз аудандарында ашылса да, жұмыс істеп тұр әрі адамдарды тартып жатыр. Өйткені, маркетинг қандай маңызды болмасын, бизнестің негізін қалайтын - өнім болып табылады. Егер ол өнім клиенттерге ұнаса, локация маңызды емес.

Арсланның миссиясы халыққа ағылшын тілін үйретуден әлдеқайда ауқымды. Rocket Study негізінде жеке адамның дамуы жатыр. Кез келген адам ағылшын тілін үйреніп, соның арқасында интернет арқылы әлемнің жетекші мамандарының дәрістерін тегін тыңдай алады, әлемнің кез келген нүктесіндегі адамдармен танысуға, Қазақстанға келетін бизнес не өнер әлемінің танымал тұлғаларымен кездесіп, сөйлесуге мүмкіндігі бар. Rocket Study адамдардың өз мүмкіндіктерін ашуға және өзіне сене білуге үйретеді. Оның өнімін Қазақстаннан (өйткені Rocket Study жүйесін әлемнің кез келген елінде қолдануға болады) және тіл оқыту мектептері шеңберінен тыс шығаруға болады.

### **Мұғалімге арналған нұсқаулық**

Бизнес-кейстерді талқылау кезінде сіздің міндетіңіз — талқылау және өзара іс-қимыл жасау үшін 5 адамнан тұратын шағын топтар форматында ұйымдастыру. Кейстің мәселелерін шешудің ерекшелігін сұраныз. Бұл тапсырмада шешімнің вариативтілігі мен сабақ барысының бір қалыпты болмауына жол беріледі.

Оқушыларда пікірталас ұйымдастыру үшін пайдаланатын қарамақарсы көзқарастар туындауы мүмкін. Өртүрлі көзқарасқа жол бере отырып, олардың пікірлеріне баға қоймайтыныңызды аңғартып, әрі олардың пікірлерін ашық айтқандары үшін алғыс айтып отыруыңыз маңызды. Бұл ретте оқушылар барлық алған ақпараттарын пайдалана отырып мәселеге қатысты өз ойларын қалыптастыру маңызды.

#### **1-тапсырма**

*Арслан өз орталығын ашу үшін қандай ресурстар болғанын ойлаңыз.*

Арслан ресурстарымен ағылшын тілін білу, емтихандарға дайындалу әдістемесі және бастапқы капитал 70 000 теңге болды.

#### **2-тапсырма**

*Қолда бар ресурстарға ие бола отырып, Арслан аталған мәселелерді (үй-жай, жабдық, жарнама) қалай шеше алғанын болжаңыз.*

#### **3-тапсырма**

*Арслан осы кезеңде өз бизнесін қалай дамытуды жалғастыруы мүмкін деп ойлайсыз? Ол тағы не істей алды?*

2 және 3 тапсырмаларға жауап беруде оқушыларға креативтілік танытуға және өз идеяларын айтуға мүмкіндік беріңіз. Бұл идеялар өте нақты емес болса да, оларды шектемеңіз. Олар көп идеялар айтса, соғұрлым жақсы.

#### **4-тапсырма**

*Көрсетілген төрт мәселе бойынша сіз қандай шешім ұсына алатындығыңыз туралы ойланыңыз.*

**1- мәселе** Мұндай оқушылар үшін Rocket Study жеке сабақтар, Skype бойынша тікелей үйден немесе кеңседен сабақтар, оқу бағдарламасын кесте бойынша емес, оқушының қажеттілігін негізге ала отырып, қандай да бір тақырыпты түсіну мүмкіндігі қарастырылған.

**2 – мәселе** Rocket Study оқытушылары өздерінің тіл деңгейін растау және іс жүзінде олардың оқушыларын күтіп отырған проблемаларға тап болу үшін үнемі халықаралық тесттерді тапсырады.

**3 – мәселе** Мұндай оқушылар үшін Rocket Study қарқынды дайындық курсы ашылды: аптасына 5 рет сабақтар, сенбі Speaking Club және жексенбі сынақ тесттері.

**4 - мәселе.** Жалықтырмау үшін, Rocket Study оқушыларға нақты тілдік жағдайларды ескеріліп, тілді үйрену бойынша ұялы телефондарға арналған қосымшаларды жүктейді, оқушылар бейне-фильмдер көреді, бірінші орында сөйлесу тілі, содан кейін ғана– грамматика болады.

#### **5-тапсырма**

*Арслан жетістікке қолы жеткен соң тоқтайды ма, қалай ойлайсыз? Ол қазіргі уақытта өз бизнесін кеңейтіп дамыту үшін не істеді?*

Ең ықтимал жауаптар: жалдамалы қызметкерлерді тарту, жаңа мектептер ашу, франшиза бойынша жұмыс. Біз бұдан әрі көріп отырғанымыздай, Арслан да өз платформасын құрды. Дегенмен, оқушыларда бизнесті масштабтау бойынша басқа да идеялар болуы мүмкін. Оларға пікір білдіруге мүмкіндік беріңіз, олардың барлық идеяларын мақұлдаңыз.

#### **6-тапсырма**

*Rocket Study кейсінен сіз қандай бизнес-сабақтар алуға болады деп ойлайсыз? Арсланның жобасы Сізге ұнады ма? Неліктен?*

Оқушылар табысты бизнестің кепілі – бұл бастапқы капиталдың үлкен сомасы емес, қызықты бизнес-идея және қолда бар ресурстарды дұрыс бөле білу, яғни белгілі бір құзыреттіліктердің болуы туралы қорытынды жасауы тиіс. Сабақ соңында кәсіпкерлік тәсіл ұғымын, бастамашылық пен дамуға үздіксіз ұмтылудың маңыздылығын тағы да талқылаңыз.

## «ИЛОН МАСК» КЕЙСІ

### Сабақтың мақсаты:

- Тауар мен қызмет көрсетулер өндірісіне қажетті ресурстар мен факторлармен тәжірибе жүзінде танысу;
- Тауар мен қызмет көрсетулер өндірісіне қажетті ресурстар мен факторлар арасындағы айырмашылықты түсіну.

Өткен сабақтарда біз өндіріске қажетті табиғи, материалдық, еңбек, қаржылық және ақпараттық ресурстарды қарастырған болатынбыз. Адам кәсіпкер боламын деген шешім қабылдаған сәтте, ол өзінің бизнесіне қандай ресурстарды жұмылдыру қажеттігін тандайды. Бастапқыда кәсіпкерлердің барлығында ресурстардың бірдей тізімі болады немесе оған уақыт өте келе қол жеткізеді. Не себептен табысқа жету мүмкіндіктері тең бола тұра, біреулері сәтсіздікке ұшырайды, біреулері ортаңқол кәсіпкер болып шығады да, шағын компанияның шаруасын жүргізеді, ал енді біреулері қандай да бір кәсіп тауашасы туралы көзқарасын өзгертеді?

Барлық мәселе бизнесті жүргізу барысында өндіріс ресурстарының факторларға, яғни кәсіпкер өз ісінде нақты пайдаланатын нәрсеге айналуында жатыр. Бәрімізге бұрыннан белгілі жер, еңбек және капитал секілді өндіріс факторларымен қатар, кәсіпкерлік қабілеттер (яғни, қалған өзге өндіріс факторларын мейлінше тиімді пайдалана білу қабілеті), ғылым (шынайы өмірдегі әрекеттер жөніндегі объективті білімдерді әзірлеу және жүйелеу) және ақпарат (түрлі механизмдер, құрал-жабдықтар, менеджмент және маркетинг модельдері туралы әртүрлі білімдерді жүйелеу) сияқты жаңа факторлар іске тартылады.

Кәсіпкерлердің көпшілігі өз қызметтерін бастар кезде жергілікті нарықта (өз ауданында немесе қаласында), республикалық деңгейде, мүмкін бүкіл ғаламшар ауқымында болашақ компанияларының индустрия жөніндегі түсінікті қалай өзгертетінін ойша елестетіп, ірі жоспарлар құра бастайды. Бірақ олардың барлығы алдын ала белгіленген барлық мақсаттарға қол жеткізе бермейді.

Бүгінгі әңгіме тиегіне айналатын канадалы-америкалық кәсіпкер Илон Маск Оңтүстік Африкада дүниеге келген. Ғылыми қабілеті аса жоғары болғанымен, Илонның мықты кәсіпкер болу мүмкіндігі шамалы еді. 17 жасында Илон жалғыз өзі Канадаға қоныс аударып, онда тұрмыс-тіршілік қаракеті үшін жер қазушы болып жұмыс істейді. Канадада, сосын АҚШ университетіне оқуға түседі де, ғылыммен белсенді түрде айналысуға ден қояды. Әкесі Илонның қажырлылығын аңғарып, ағалы-інілі Илон мен Кимбаланың мүмкіндіктері мен әлеуеттеріне көзі жеткен соң, кәсіптерін әрі қарай дамыту үшін оларға \$28 000 береді.

Осылайша, олардың бірінші стартапы Zip2 - жаңалықтар басылымдарына контентті интернетте орналастыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз ету өндірісі пайда болды.

### **1-тапсырма**

*Zip2 іске қосқан кезде Илон Масктің қолында қандай ресурстар болғандығын ойлап көріңіз. Ол ресурстарды өндіріс факторларына қалай өзгерте алды?*

Қазір интернеттегі жаңалықтарды көру бізге әдеттегідей болып көрінеді. Алайда 1995 жылы бұл медиа индустрияның серпілісі болып есептелетін. Маск ресурстары - әкесінің қаржылық капиталы мен өзінің өндіріс капиталына айналдыра білген жеке еңбек капиталы - кәсіпкерлік қабілеттері (бүкіл жаңалық индустриясын өзгертетін бизнес идеяны көре білу қабілеті), ғылым (Маскке жаңа бағдарламаны құрастыруға мүмкіндік берген ақпараттық жүйелер туралы білімдер), ақпарат болды.

The New York Times және Pulitzer Publishing тәрізді жаңалық бизнесінің алыптары Zip2 клиенттері болды, сөйтіп Маск өзінің стартабын 1999 жылы \$20 млн-ға сатты. Ол кезде Илон 28 жаста еді.

Интернет-технологиялардың болашағы зор екендігін түсінген Маск 1999 жылы жаңа компания - X.com электронды пошта арқылы төлемдер жүйесін құрды, оның атауы кейінірек PayPal болып өзгерді. Қазіргі таңда PayPal - әлемдегі ең ірі дебесттік электрондық төлем жүйесі. Оны пайдаланушылардың саны әлемнің 200-ден астам елінде 200 млн адамнан асады. 2002 жылы Bay компаниясын сатқаннан кейін, Маск ондағы өз үлесінен 175 миллион доллар алды.

### **2-тапсырма**

*X.com (PayPal) стартабын іске қосуға қандай ресурстар мен өндіріс факторлары тартылғанын және нәтижесінде неге ол сәтті болғандығын ойлап көріңіз.*

Масктің келесі қадамы 2002 жылы адамдарды ғарышқа ұшыратын әлемдегі алғашқы Space Exploration Technologies Company (SpaceX) жеке компаниясын құру болды. «Зымырандар соншалықты қымбат емес. Тек бұрын зымыран жасап, оны пайдаланғандар мұны өте тиімсіз жасаған», - деп есептейді кәсіпкер.

Бұл жағдайда Илонның кәсіпкерлік қабілеттері өндіріс факторларына айналды, бұл жобаға сенім артқан инвесторларды тартуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, талантты инженерлер мен бағдарламашылар тәрізді Маск командасының зияткерлік әлеуеті де өндіріс факторларына айналды.

### **3-тапсырма**

*Space X-ға тартылған өндіріс факторларының тізімін кеңейтіңіз.*

Space X бірінші ғарыштық зымыранын ұшыру оның жарылуымен аяқталды. Соған қарамастан Маск Халықаралық ғарыш станциясына (ХҒС) жүк жеткізіп



беруге және Falcon-9 зымыранын жасауға NASA-мен келісімшартқа отырды. Масктың төртінші зымыранын ұшыруы ғана сәтті өтті. Бұл оған алғашқы сәтсіз үш әрекеті мен әлемдегі экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы кезіндегі қаржылық дағдарысты еңсеруге мүмкіндік берді.

2008 жылы Маск 12 ұшырылымға NASA-ның (1,6 млрд АҚШ доллары) келісімшартын ұтып алды. 2011 жылы Маск ғарыштық ұшу құнын 100 есе қысқартатын жаңа зымыран құрастырды. 2012 жылы оның Dragon ғарыш кемесі XFC-мен түйісті. Оның зымыраны Марсқа дейін жетті, енді Илон осы ғаламшарды отарлауды жоспарлап отыр (ниет білдірушілерге Марсқа дейінгі билет құны \$500 000). Маск Space X компаниясының бас инженері және компания менеджменті үшін ғана емес, сондай-ақ ғарыштық технологияларды әзірлеуге де жауап береді. Маск ғарыштық ұшудың құнын айтарлықтай төмендете алмағанына қарамастан (бір ұшыру құны 56 млн АҚШ доллары көлемінде болғанда ресейлік «Протонның» 100 млн долларымен салыстырғанда Маск зымырандарының пайдалы жүктемесінің салмағы «Протонға» қарағанда екі есе аз), оның компаниясы жұмыс істеген 12 жыл ішінде 4 млрд доллар пайда тапты.

Space X жобасы Илонның өз еңбек ресурстарын кәсіпкерлік қабілеттер сияқты өндіріс факторына айналдыру қабілетін толық көрсете білді.

Маск өз айналасына терең ойлана алатын, жаңа идеялар ойлап табатын және тәуекел етуден қорықпайтын нағыз мамандар командасын жинап, әріптестерінің де ресурстарын шебер пайдалана білді. Ол мұндай адамдарды тауып қана қоймай, командасын жаңа жетістіктерге шабыттандыра отырып, өзі де осындай өзгерістердің катализаторына айналады.

Бизнестің ресурстарды тарту мен менеджменттен бастап жобалау мен бағдарламалық шешімді тікелей іздеуге дейінгі жай-жапсарын анықтай отырып, Маск өз компаниясының барлық өзгерістерін назарда ұстады.

Space X-мен қатар, Маск тағы бір бизнес желісін - электромобильдер (электр тоғымен жүретін көлік) шығаратын Tesla Motors компаниясын дамытады. Маск 2006 жылы компанияның алғашқы электромобильдерді жасауға өзі де қатысты. Бұл жолы да Маск өндіріс ресурстарына жасалатын қадамдарды тағы да қайта қарауға мүмкіндік алды.

#### **4-тапсырма**

*Электромобильдерді шығару үшін қандай ресурстар мен факторлар қажет екенін ойлап көріңіз.*

Бірінші электромобильді нарыққа шығару үшін Маскке 140 млн. доллар қажет болды. Ол жабдықтаушылардың тізімін, өндірістік технологияларды және автомобильдердің негізгі бөлшектерін толығымен қайта қарау керектігін түсінді. Tesla жобасының жетістікке жетуіне көпшілігі сенбегенімен, компания тек бір деңгейде қалып қана қоймай, сондай-ақ табысты даму үстінде. 2017 жылы Tesla әлемдегі алғашқы электрлі жүк көлігін шығарды. Жүк көлігі

батареясының бір заряды 800 км-ге жетеді және оның өмірлік циклі - 1 млн шақырым.

Энергия үнемдейтін технологиялар Маск бизнес-жоспарларының бір бөлігі болды. 2006 жылы тағы бір жобаны - күн энергиясы жүйелерін жобалау, өндіру және орнату бойынша SolarCity компаниясын іске қосты, онда қазіргі уақытта 13000 адам жұмыс істейді. «Компания құру мәселесіне «Біздің әлемде қандай пайдалы нәрселер жетіспейді?» деген сұрақ тұрғысынан қараған жөн. Пайда табу үшін жай ғана кәсіпкер болу жеткіліксіз», - деген тұжырым жасайды Маск.

Енді Масктың табиғи ресурстарының тізімі күн энергиясына дейін кеңейді. Пайдалы қазбаларды өндірудің орнына, Маск ғаламшарымызда жетіп артылатын күн энергиясы технологиясын дамытып жатыр. Масктің алып күн аккумуляторлары тұтас қалаларды электр қуатымен қамтамасыз етуге қабілетті. Ол 2040 жылға қарай энергияны әлемдік тұтынудың 40%-ын күн энергиясынан алуды жоспарлап отыр.

Масктің қарапайым ресурстарды және өндіріс факторларын қайта қарау туралы идеялары шексіз. Марсты отарлаумен, Күн энергиясының есебінен экологиялық таза электрлі көліктер мен қалаларды дамытумен қатар, ол Hyperloop жобасын - жолаушыларды 1000 км/сағ жылдамдықпен тасымалдауға қабілетті көлік жүйесін әзірлемекші. Оның тағы бір стартап жобасы - «The Boring Company» - мегаполистерде жер асты құрылымын жасайтын және Hyperloop жылдам жүретін пойыздарын дамытуда көмекші қызмет атқаратын бұрғылау-құрылыс компаниясы.

Оның OpenAI жобасы жасанды интеллектіні дамытуға бағытталған, ал Gigafactory 300 000 шаршы метр аумақта литийионды батареяларын шығарады.

## **5-тапсырма**

*Илон Маск бизнес-кейсі сізді неге үйретті? Ресурстар мен өндіріс факторлары туралы қандай қорытындылар жасай аласыз?*

Илон Маскті ХХІ ғасырдың «жұлдыз» кәсіпкері деп санайды. Оның бейнесі «Темір адам» кейіпкерінің негізіне алынды. Өйткені Маск өндіріс үшін қажетті ресурстар мен факторлар моделін түбегейлі қайта қарастырды. Адамзаттың алдынан шығатын «проблемалардан» қашқан Маск оларды шешудің барынша тиімді әдістерін іздеді. Ол автомобильге арналған электр қуаты, күн энергиясы және еңбек ресурстарына ие бола отырып оларды ғылым, ақпарат және кәсіпкерлік қабілеттер сияқты еңбек ресурстарына айналдыра білген өзі мен әріптестерінің интеллектуалды әлеуеті сияқты дәстүрлі емес ресурстарды пайдаға асырды.

*Қазір барлығыңыз сыныптастарыңызбен тең дәрежедесіздер - ұшқыш, бизнесмен немесе тіпті ел президенті болу үшін сіздердің шамамен бірдей мүмкіндіктер мен әлеуеттеріңіз бар деуге болады.*

Көздеген мақсаттарыңызға жету үшін сіздерге керегі - кәсіпкерлік ресурстарыңызды дұрыс басқара білуді және өздеріңізді дамытуды үйрену. Ешкім танымайтын кедей жігіт Илон Маск өз жолын Оңтүстік Африкадан Канадаға келіп, жер қазушы болып жұмыс істеген кезінен бастады. Бүгінгі әйгілі миллиардер мен сол кездегі қарапайым жер қазушы жігіттің арасында қажырлық, еңбек, өзіне және өз идеяларына деген сенім, жолында кездескен барлық мүмкін болған ресурстарды шебер басқару ғана жатыр.

## **Мұғалімге арналған нұсқаулық**

Бизнес-кейстерді талқылау кезінде сіздің міндетіңіз — талқылау және өзара іс-қимыл жасау үшін 5 адамнан тұратын шағын топтар форматында ұйымдастыру. Кейстің мәселелерін шешудің ерекшелігін сұраңыз. Бұл тапсырмада шешімнің вариативтілігі мен сабақ барысының бір қалыпты болмауына жол беріледі. Оқушыларда пікірталас ұйымдастыру үшін пайдаланатын қарама-қарсы көзқарастар туындауы мүмкін. Әртүрлі көзқарасқа жол бере отырып, олардың пікірлеріне баға қоймайтыныңызды аңғартып, әрі олардың пікірлерін ашық айтқандары үшін алғыс айтып отыруыңыз маңызды.

Бұл ретте оқушылар барлық алған ақпараттарын пайдалана отырып мәселеге қатысты өз ойларын қалыптастыру маңызды.

### **1-тапсырма**

*Zip2 іске қосқан кезде Илон Масктің қолында қандай ресурстар болғандығын ойлап көріңіз. Ол ресурстарды өндіріс факторларына қалай өзгерте алды?*

Илон Маскта Zip2-ні іске қосу кезінде қаржылық ресурстар болды — бұл ұлының идеясына сенген әкесі берген капитал еді. Сонымен қатар, ол өзінің және ағасының еңбек және ақпараттық ресурстарына ие болды. Олар, сайып келгенде, кіріс әкеліп қана қоймай, тұтас индустрия туралы түсінікті өзгерткен оның жобасының табыстылығына алып келді. Илонға мүлдем жаңа өнім ойлап табудың, өз күшімен оны жасаудың, пікірлестер командасын жігерлендіріп, пайдаланушыларды бұған дейін болмаған нәрселерді пайдалануға сендірудің, нарықтың негізгі ойыншылары — The New York Times және Pulitzer Publishing-нің өнімін пайдалануға тартудың сәті түсті. Мұның барлығы оқушылардың жеке еңбек және ақпараттық ресурстары (білімі, шеберлігі мен дағдылары) болған жағдайда олардың өте көп нәрсеге, соның ішінде қажетті қаржыны тартуға қол жеткізе алатынына сендіруі тиіс.

### **2-тапсырма**

*X.com (PayPal) стартабын іске қосуға қандай ресурстар мен өндіріс факторлары тартылғанын және нәтижесінде неге ол сәтті болғандығын ойлап көріңіз.*

Бұл жағдайда өндірістің басты факторы Илон Масктың кәсіпкерлік қабілеті болды. Атап айтқанда, жақын арада адамдардың қандай өнімдер мен сервистерді талап ететінін болжау үшін болашаққа көз жүгірте білуі. Тәуекел ету қабілеті - өйткені, Илонда пайдаланушылардың оның сервисіне сенім артып, өз ақшаларын аудару үшін электронды жүйелерді пайдалана бастайтынына кепілдік болған жоқ. «Пошта» және «ақша аударымдары» сияқты ұғымдарды біріктіре отырып, стандартты емес және креативті ойлана білу.

Сыныппен талқылау нәтижесінде Илон Масктың кәсіпкерлік қабілеттерінің тізімін кеңейтіңіз. Оқушыларда пайда болған барлық идеяларды көрнекілік үшін тақтаға жазуыңызға болады.

### **3-тапсырма**

*Space X-ға тартылған өндіріс факторларының тізімін кеңейтіңіз.*

Илон Масктың жаңа стартап үшін қажет болған барлық өндіріс факторларын оқушылармен талқылай аласыз.

Жер: яғни кеңсе, зауыт және ғарыш айлағын салуға арналған алаң. Капитал: қаржы құралдары, жабдықтар, үй-жайлар, бағдарламалық қамтамасыз ету және т. б.

Еңбек: компанияға тартылған қызметкерлердің үлкен штаты: инженерлер, бағдарламашылар, ғалымдар, дизайнерлер, жобалаушылар, талдаушылар және т. б.

Кәсіпкерлік қабілеттер: өзінің SpaceX стартапында Илон Маск қандай мінез-құлық сипаттары мен тәжірибе қолданғанын тағы талқылаңыз.

Ақпарат: бағдарламалау, инженерия, ғарыштық ұшулар және т.б. салаларындағы кең білім.

### **4-тапсырма**

*Электромобильдерді шығару үшін қандай ресурстар мен факторлар қажет екенін ойлап көріңіз.*

Өндіріс факторлары мен ресурстарын көрсете отырып, Илон Маск олардың бизнес сызбасын өзгерте отырып, өз стартаптары үшін бұл тізімді әр уақытта қайта қарайтындығына назар аударыңыз. Әрбір жаңа бизнес үшін Илонға өндіріс технологиясын қайта ойлап табуға тура келеді, өйткені бұл іспен оған дейін ешкім айналыспаған, яғни автокөліктің сырт көрінісін ғана емес, оны өндіру үшін жаңа станоктар, энергия жұмсаудың жаңа технологияларын және т.б. ойлап табудан бастауға мәжбүр. Бұған қоса, оқушылардың назарын Илон Маск электр энергиясының стандартты емес көздері — автокөліктерге арналған отын, күн батареялары және т. б. сияқты электр энергиясы есебінен ресурстар тізімін белсенді кеңейтетініне аудартыңыз. Яғни, ол ресурстардың стандартты тізімімен шектелмейді және оны дерек ретінде қабылдамайды, оны үнемі жаңа идеялармен толықтырады.

## 5-тапсырма

*Илон Маск бизнес-кейсі сізді неге үйретті? Ресурстар мен өндіріс факторлары туралы қандай қорытындылар жасай аласыз?*

Оқушыларға Илон Маск туралы өз пікірін білдіруге мүмкіндік беріңіз. Кейс ресурстарды іздеуге және оларды өндіріс факторларына түрлендіруге қажетті жаңа стандартты емес тәсілдерді іздеуге шабыттандыруы тиіс. Әлемдік бизнес-аренада керемет жетістікке қол жеткізген Африкадағы қарапайым баланың тарихы, кез келген табысты бизнестің негізінде, ең алдымен, оның негізін қалаушының кәсіпкерлік ойы, содан кейін ғана қаржы немесе материалдық ресурстар жататынын көрсетеді.

### **«TURAN ТАБИҒИ МИНЕРАЛДЫ СУЫ БРЕНДІНІҢ МАРКЕТИНГ-МИКСІ» БИЗНЕС-КЕЙСІ**

#### **Сабақтың мақсаты:**

- 4P, 4C маркетинг-микстердің құрамын түсіну;
- 4P, 4C қолданылатын форматын ажырата білу.

Бұл сабақта біз маркетинг-микс түсінігімен және оның TURAN табиғи минералды суын әзірлеу мен дамытудағы маңыздылығымен танысамыз. Маркетинг кешені TURAN брендин құрудың негізі болып табылады және нарықта компания өнімін нәтижелі дамыту үшін «чек-парақ» болып табылады.

TURAN брендіне арналған маркетинг-микс құрастырғанда «4P» классикалық моделі қолданылады: Product («өнім») + Price («баға») + Place («Бөлу») + Promotion («Алға жылжыту»), оларға тағы қосымша «P»-лер, Package («қаптама»), Positioning («Позициялау») және Purchase («Сатып алу процесі») қосылады. Бұл ретте «4P» элементтері TURAN брендінің негізі болып табылады:

- Product элементі нарыққа не қажет екенін және TURAN суын позициялау кезінде мақсатты аудиторияның назарын неге аударатынын түсінуге мүмкіндік береді;
- Price элементі өнімнің құнын және тұтынушы осы өнімді ең тиімді баға мен сатып алуға дайын болатын сәтті анықтауға көмектеседі;
- Place элементі дұрыс дистрибуция үлгісін жасайды;
- Promotion элементі TURAN суы туралы ақпаратты мақсатты аудиторияға барынша тиімді жеткізуге мүмкіндік береді.

TURAN брендіне арналған маркетинг-микстің негізгі құрамдас бөліктерін жан-жақты қарастырайық.



<p><b>PRODUCT («ӨНІМ»)</b>  TURAN табиғи минералды суы:  - құрамында адамға қажетті табиғи минералды заттар кешені мен мінсіз рН балансы бар;  - дейтерийдің (ауыр сутегі) төмен мөлшері есебінен жеңіл су деп танылды;  - жасартатын әсер береді және белсенді ұзақ өмір сүруге ықпал етеді;  - су ассортиментіне көлемі 0,5 л, 1 л, 1,5 л, 5 л және 19 л газдалмаған, әлсіз газдалған, қатты газдалған су кіреді (судың максималды көлемдері тек Көкшетау мен Петропавлға арналған);  - мемлекеттік стандарттарға сәйкес қапталған.  <b>Мақсаты:</b> нарықтың өз сегментіндегі және Қазақстан бойынша бөтелкедегі ауыз су нарығында көшбасшы болу.  <b>Нақтылы:</b> нарықтың өз сегментінде көшбасшы және Қазақстандағы ауыз судың топ-5 брендiне кіреді.  <b>Міндеттері:</b> мақсатты аудиторияда табиғи минералды ауыз су нарығы түсінігін қалыптастыру.</p>	<p><b>PLACE («ҮЛЕСТІРУ»)</b>  TURAN суын бүкіл Қазақстан бойынша тарату меншікті сауда командалары мен ірі дистрибьюторлардың көмегімен жүргізіледі.  Барлық Қазақстан бойынша TURAN суын таратып жеткізу үшін компанияда темір жол мен автокөлікті қамтитын жеке логистикалық кешен жұмыс істейді.  TURAN суын сауда нүктелерінің санаттары бойынша таратумен дистрибуция бөлімі айналысады, ол дүкендермен акциялар және супермаркеттерде брендтің ұсынылуын ресімдеу есебінен, сондай-ақ бонустар және «үй жанындағы дүкендерде» (яғни шағын аудандық аулалық дүкендерде) «алтын сөрелерді» ресімдеу есебінен (тұтынушының көзі деңгейінде) жұмыс жүргізуді жоспарлайды және құрастырады.  <b>Мақсаты:</b> TURAN брендінің әр аймақтағы барлық «үй жанындағы дүкендерінде» ұсынылуы, бәсекелестер арасында «үй жанындағы дүкендерде» «алтын сөрелер» бойынша көшбасшы болу.  <b>Нақтылы:</b> «үй жанындағы дүкендерде» TURAN бренді ұсынылуының төмендігі, «алтын сөрелер» бойынша төртінші орынға ие.  <b>Міндеттері:</b> азық-түлік «үй жанындағы дүкендерінде» дистрибуцияны арттыру, «алтын сөрелер» санын арттыру.</p>
--	--

<p><b>PRICE («БАҒА»)</b>  TURAN суының баға саясаты нарықты сегменттеуді және мақсатты аудиторияның сатып алу қабілетін зерттеуді ескере отырып құрылады.  Маусымдық кезендерде ірі сауда желілерінде тұтынушылар үшін жеңілдіктер қолданылады. Сондай-ақ, «үй жанындағы дүкендер» үшін бонустар жүйесі әзірленді.  <b>Мақсаты:</b> баға бәсекелестігін сақтай отырып және нарық үлесінің ұлғаюымен бағаны «ауыртпалықсыз» жоспарлы түрде көтеру.  <b>Нақтылы:</b> баға бойынша позициялауы сәйкес келеді.  <b>Міндеттері:</b> жеңілдіктер мен бонустар жүйесін нарық талаптарына сәйкес жетілдіру.</p>	<p><b>PROMOTION («ЖЫЛЖЫТУ»)</b>  TURAN суын жылжыту судың бірегей тауарлық артықшылықтарын тұтынушыға жеткізу бойынша іс-шараларды қамтиды. Жылжыту каналдарының құралдары - теледидар, радио, баспасөздегі жарнама, сыртқы жарнама, сондай-ақ PR - іс-шаралар (баспасөз конференциялары, сарапшылармен жұмыс және т.б.).  <b>Мақсаты:</b> брендті білу бойынша 3-ші орынға, тұтыну бойынша 2-ші орынға және тұтынушылар адалдығы бойынша 1-ші орынға ие болу.  Шет елдердің ҒЗИ, ҚР БжҒМ Ғылым қорының, жекелеген сарапшылардың және Қазақ тамақтану академиясының ұсыныстарын алу.  <b>Нақтылы:</b> Брендті білу бойынша 5-ші позиция, тұтыну бойынша 4-ші позиция, тұтынушылар адалдығы бойынша 4-ші позиция. Шет елдердің ҒЗИ-ның, ҚР БжҒМ Ғылым қорының, жекелеген сарапшылардың ұсыныстары алынды. Әзірге Қазақ тамақтану академиясының ұсынысы жоқ.  <b>Міндеттері:</b> TURAN суын тұтынушылар адалдығы және тұтыну көрсеткіштерін арттыруға бағытталған науқандарды әзірлеу (бастапқы және қайталама сатып алудың себептерін қалыптастыру). Қазақ тамақтану академиясының ұсыныстарын алу.</p>
---	--

**1-тапсырма.** *TURAN* брендінің 4P маркетинг-микстердің құрамы мысалында басқа тауар не қызмет көрсету брендінің 4P маркетинг-миксін құрастырыңыз Біз сабақтың теориялық бөлігінен түсінгеніміздей, «4P» моделі сауда заңдары мен компанияға, ал «4C» моделі тұтынушыға және оның қажеттілігіне бағытталған. *TURAN* брендіне арналған маркетинг кешенінің «4C» моделін қарастырайық.



<p><b>CUSTOMER («КЛИЕНТ»)</b>  TURAN брендінің жүргізілген зерттеулерінің нәтижелері бойынша өнімнің негізгі тұтынушысы – халықтың белсенді жұмыс істейтін санаты, табысы орташа және табысы орташадан жоғары 25+ жастағы ерлер/әйелдер екені анықталды. Сегменттеу процесінде негізінен өнімнің мақсатты аудиториясы отбасылық адамдар болып табылатыны анықталды.  TURAN тұтынушысы өзіне ғана емес, отбасына да қамқорлық жасайтындықтан, өнім тұтынушының үміттеріне толық сәйкес келуі тиіс. Тұтынушы табиғи минералды заттардың толық кешені бар жеңіл табиғи су алғысы келеді. Мұндай тұтынушы асханалық сумен салыстырғанда табиғи судың артықшылығы неде екенін түсіну маңызды. Тұтынушы TURAN суын қол жетімді бағамен әлемдік деңгейдегі өнім ретінде таңдайды.</p>	<p><b>COST («ШЫҒЫНДАР»)</b>  Өнімнің бағасын қалыптастыру кезінде TURAN су өндірушісі бірінші кезекте нарықтағы баға категорияларына бағдарланады. Бәсекелестердің бағасына мониторинг жүргізіледі - Қазақстанның әр қаласында «үй жанындағы дүкен» санатындағы 10-15 сауда нүктелері іріктеледі. Көлемі 0,5 л бөтелкедегі су ең тұтынылатын су болғандықтан, бағаны қалыптастыру кезінде нарық келесі баға сегменттеріне бөлу принципі бойынша талданады:  - 100 теңгеге дейінгі сегмент : сапасы жоғары емес шикізат пен жиынтықты пайдаланатын жергілікті сауда маркалары ұсынылған. Жарнама және жылжыту жоқ, тек бәсекелестік баға;  - 100-120 теңгелік сегмент: өнім сапасы жақсы немесе жоғары, табысы орташадан жоғары тұтынушылар үшін жылжытудың әр түрлі маркетингтік арналарын пайдаланатын, танымал сауда маркалары ұсынылған;</p>
<p><b>CONVENIENCE («ЫҢҒАЙЛЫЛЫҚ»)</b>  TURAN компаниясы сатып алуды ыңғайлы ету үшін көп күш жұмсайды. Сауда нүктелерін қамту жыл сайын өсіп келеді және қазірдің өзінде 50% - дан астамын құрайды. Барлық сату каналдары: супермаркеттер, «үй жанындағы дүкендер», мейрамханалар мен дәмханалар қамтылған. Туған өңірде колл-орталықтың арнайы қызметі жұмыс істейді, онда тұтынушы суды үйіне жеткізіп беруге тапсырыс беруіне мүмкіндігі бар. Өніммен егжей-тегжейлі танысу үшін <a href="http://www.turanwaters.com">www.turanwaters.com</a> бренд сайты жұмыс істейді, әлеуметтік желілерде брендтің жеке беттері жасалған. Компанияның жоспарында – бүкіл Қазақстан бойынша су тапсырысының интернет-дүкенін құру ойы бар, өйткені осы қызметке сұраныс бар және өндіруші тұтынушылардың өнімді сатып алуына ыңғайлы болу үшін толық қызмет кешенін ұсынуға мүдделі.</p>	<p><b>COMMUNICATION («КОММУНИКАЦИЯ»)</b>  Тұтынушымен коммуникацияның негізгі ойы – ол оған эко-аймақта өндірілетін жеңіл табиғи минералды суды тұтынудың артықшылығын «TURAN – көрікті өлке суы» жарнамалық науқанын жеткізу. Науқан аясында келесі жарнамалық және PR-белсенділік қолданылды:  - имиджділік TV ролигі бар республикалық теледидардағы жарнама;  - «Адельмен ас дайындаймыз» аспаздық теледидар бағдарламасындағы product placement;  - топ республикалық радиостанциялардағы жарнама;  - республикалық радиодағы «TURAN-мен ерте тұрамыз» меншікті жобасы;  -3D-проекцияны пайдалана отырып, ҚР бойынша сыртқы жарнама: көбелектер ұшып, вижурал тіріле бастаған кезде TURAN бөтелкесі жарқырап және өзінің жарық сәулесімен назар аудартады;  - SMM (әлеуметтік желілердегі TURAN брендінің жеке беттері).</p>



## **2-тапсырма**

*TURAN* брендінің 4С моделі мысалында басқа тауар не қызмет көрсету брендінің 4С моделін құрастырыңыз

## **3-тапсырма**

*TURAN* суының маркетингтік кешенін жоспарлау кезінде екі модельдің сипаттамасын түйіндей отырып, әрбір модельдің маңыздылығын және олардың өзара байланысын атап өту қажет.

## **Мұғалімге арналған нұсқаулық**

Бизнес-кейстерді талқылау кезінде сіздің міндетіңіз — талқылау және өзара іс-қимыл жасау үшін 5 адамнан тұратын шағын топтар форматында ұйымдастыру. Кейстің мәселелерін шешудің ерекшелігін сұраңыз. Бұл тапсырмада шешімнің вариативтілігі мен сабақ барысының бір қалыпты болмауына жол береді. Оқушыларда пікірталас ұйымдастыру үшін пайдаланатын қарама қарсы көзқарастар туындауы мүмкін. Әртүрлі көзқарасқа жол бере отырып, олардың пікірлеріне баға қоймайтыныңызды аңғартып, әрі олардың пікірлерін ашық айтқандары үшін алғыс айтып отыруыңыз маңызды.

Бұл ретте оқушылар барлық алған ақпараттарын пайдалана отырып мәселеге қатысты өз ойларын қалыптастыру маңызды. Оқушылар тоқсан бойы өздерінің таңдаған өнім брендіне (жергілікті танымал кәсіпорынның өнім бренді таңдаса болады) «TURAN табиғи минералды суы» мысалында маркетингтік зерттеулер жүргізіп, ақпарат жинауы тиіс.

## **1-тапсырма**

*TURAN* брендінің 4Р маркетинг-микстердің құрамы мысалында басқа тауар не қызмет көрсету брендінің 4Р моделін құрастырыңыз

Оқушылар өздерінің таңдаған өнім брендіне (жергілікті танымал кәсіпорынның өнім бренді таңдаса болады) «TURAN табиғи минералды суы» үлгісінде маркетингтік зерттеулер жүргізіп, ақпарат жинауы тиіс және кәсіпорынның мәліметтері негізінде 4Р моделін құрастырады.

## **2-тапсырма**

*TURAN* брендінің 4С моделі мысалында басқа тауар не қызмет көрсету брендінің 4С моделін құрастырыңыз.

Оқушылар өздерінің таңдаған өнім брендіне (жергілікті танымал кәсіпорынның өнім бренді таңдаса болады) «TURAN табиғи минералды суы» үлгісінде маркетингтік зерттеулер жүргізіп, ақпарат жинауы тиіс және кәсіпорынның мәліметтері негізінде 4С моделін құрастырады.

## **3-тапсырма**

*TURAN* суының маркетингтік кешенін жоспарлау кезінде екі модельдің сипаттамасын түйіндей отырып, әрбір модельдің маңыздылығын және олардың өзара байланысын атап өту қажет.

Өндіруші «4Р» моделіне ғана бағдарлана берсе, «4С» моделінде егжей-тегжейлі көрсетілген тұтынушымен белгілі бір байланысты жоғалтады.

Бұл екі модельді «4С» моделі бойынша тұтынушы нені қалайтынын зерделеп, «4Р» моделі бойынша жоғары сапалы өнімді шығара отырып, қатар қолдану қажет. Бірден екі модельді жоспарлау өндірушіге барлық қажетті нарықтық талаптарға жауап беретін бренд құруға мүмкіндік береді.

## **«TURAN ТАБИҒИ МИНЕРАЛДЫ СУЫ БРЕНДІНІҢ МАРКЕТИНГТІК ЗЕРТТЕУЛЕРІ» БИЗНЕС-КЕЙСІ**

### **Сабақтың мақсаты:**

- Кабинеттік және далалық зерттеулердің айырмашылығын білу;
- Кабинеттік және далалық зерттеу әдістемесін қолдану.

Брендтің ұлттық деңгейге дейін өсуін кеңейту мақсатында 2015 жылы «Көкшетау минералды сулары» компаниясы келесі жылы тек өз өңірінде ғана емес, бүкіл Қазақстанда сұранысқа ие жаңартылған өніммен Қазақстан нарығына шығу үшін тұтынушылық талғамға ауқымды зерттеулер жүргізді.

Зерттеулер Қазақстан нарығына жаңартылған TURAN брендін іске қосуға дайындық кезінде жүргізілді. Бүгінде қаптама бастапқы әсер қалыптастырып, сатып алу кезінде тұтынушының таңдауына әсер ететіндіктен, зерттеулер TURAN брендінің логотипі мен қаптама дизайнын жаңартуға қатысты жүргізілді.

Біртекес тауарлардың ішінде, әсіресе бөтелкедегі судың жоғары бәсекелі нарығында тұтынушы неғұрлым тартымды, ыңғайлы тауарды таңдайды.

Маркетологтардың пікірінше, қаптамаға тиісті көңіл бөле отырып, компания өз өнімдеріне деген қызығушылықты 30%-ға арттыра алады. Сондықтан компания алдында тұтынушыға ұнайтын TURAN брендінің тартымды қаптамасы мен есте қаларлық логотипін әзірлеу мақсаты тұрды.

### **Зерттеу міндеттері:**

1. Қазақстандағы және әлемдегі бөтелкедегі су нарығының мониторингі: нарық үлесі бар «бөтелкедегі су» санатындағы брендтер картасы, өнімнің сыртқы түрі (қаптама, логотип).
2. TURAN брендінің қаптамасы мен логотипінің дизайнының әртүрлі нұсқасын әзірлеу.
3. Мақсатты аудиторияға ұнайтын қаптаманың ең сәтті дизайнын және бренд логотипін жасау үшін тұтынушылық артықшылықтарын зерттеудің әдістерін анықтау.
4. Зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, TURAN брендінің логотипі мен қаптама дизайнының таңдалған нұсқасын анықтау және пысықтау.

Бірінші кезеңде кабинеттік зерттеу жүргізілді. Оның мақсаты — брендтердің картасы мен бөтелкедегі су нарығының мониторингін жасау

### **Ақпаратты жинаудың негізгі көздері:**

- ✓ бөтелкедегі су нарығы бойынша статистикалық мәліметтер (ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің сайты);
- ✓ зерттеу компанияларының ашық деректері (Global Data, TNS SA, Canadian);
- ✓ Қазақстан және әлем бойынша бөтелкедегі суды өндірушілердің сайттары;
- ✓ БАҚ-тағы тақырып бойынша жаңалықтар, сұхбат, талдау материалдары;
- ✓ сауда нүктелері.

### **Зерттеу әдістемесі:**

- ✓ кабинеттік зерттеулер;
- ✓ бақылау.
- ✓ Зерттеу мерзімі: бір апта

### **Нәтижелері:**

- ✓ Қазақстан мен әлемнің бөтелкедегі судың негізгі брендтерінің картасы жасалды;
